

Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі... Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл – отаншылдықтың басты белгісі деуге болады.

Мемлекет басшысының
Қазақстан халқына
Жолдауынан

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



АНТИВАКСЕРЛЕРГЕ
СЕНБЕҢІЗ

9

ТӘУЕЛСІЗДІК-30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 1 қыркүйектегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
869 877

II компонентпен
740 313

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

02.09.2021

Түнде:

+16+18 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+28+30 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

03.09.2021

Түнде:

+14+16 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+26+28 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ – ЕЛІМІЗДІҢ АЗАМАТТАРЫ

Сіздердің амандықтарыңыз – менің Президент
қызметіндегі ең басты мақсатым әрі тілегім



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Палаталарының бірлескен отырысында «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауын жариялап, еліміздің алдағы даму стратегиясын, ілгерілеудің негізгі басымдықтарын айқындап берді. Пандемиядан кейінгі кезеңдегі елді одан әрі дамытуға, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға, сапалы біліммен қамтуға, өңірлік саясатты жетілдіруге, еңбек нарығында тиімді экожүйе құруға, саяси жаңғыруға, адам құқығын қорғау мен ұлтты ұйыстыруға бағытталған бастамаларын жариялады. Парламент депутаттарын әрбір заң жобасының қыр-сырына терең үңіліп, оны сапалы дайындауға шақырды. Халықтың мүддесін қорғау жолында әрдайым табандылық таныту қажеттілігіне тоқталды. Мемлекет басшысының айтуынша, әрбір шешім елдің сұранысын да, мемлекеттің мүмкіндігін де ескере отырып қабылдануы қажет, мемлекеттік аппарат тиімді жұмыс істеуі керек.

(Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Қазақстан халқына Жолдауының
толық мәтінін 3-6-беттерден оқыңыздар).

БІЛІМ

120 ГРАНТ БӨЛІНДІ



Биыл қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тікелей тапсыруымен мемлекеттік тапсырыс аясында медицина саласы бойынша аса тапшы мамандарды оқыту үшін 120 грант бөлінді.

Болашақ мамандар резидентура мен магистратурада оқиды. Мұндай қадам ең алдымен, орын алған тапшылықтарды жойып, мамандардың жаңа буынын

қалыптастыруда аса маңызды екені белгілі.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаровтың төрағалық етуімен қалалық комиссияның онлайн-кеңесі өтіп, онда жергілікті атқарушы органның қаржысы есебінен мемлекеттік білім беру тапсырыстарының орындалу мәселесі талқыланды.

8

ҚЫСҚА...

- Президент кешегі Жолдауында 2025 жылға дейін 1000 мектеп салуды тапсырды.
- Бүгін Қазақстан Үкіметінің отырысы өтеді.
- Еліміздің оңтүстігінен солтүстікке көшкен тұрғындарға шаруашылық жер беріледі.
- «Алғашқы жұмыс орны» жобасына 29 жасқа дейінгі тәжірибесі жоқ жұмыссыз жастар қатыса алады.
- Мегаполисте «Ashyq» жобасының көмегімен «қызыл» мәртебесі бар 5500-ден астам тұрғын анықталды.
- Қалада жыл басынан бері мемлекеттік бағдарлама аясында өз кәсібін ашу үшін 757 адам 583 мың теңге көлемінде грант алды.

www.almaty-akshamy.kz





#QAZAQSTAN30

Тәуелсіздіктің
мен үшін
маңызы...**Болат
НАСЫБАЕВ,**
«Болашақ»
бағдарламасы-
ның түлегі,
PhD докторы:

— Бүгінде Тәуелсіз ел атанып, кере-геміз кеңейіп, Орта Азиядағы іргелі мемлекетке айналып келеміз. Біз тәуелсіздіктің ұрпағымыз. Мемлекеттің ғұмыры баянды болуы үшін біз мықты болуымыз керек. Адам капиталы қалыптасқан, азаматтық қоғам орнаған, мәдениеті көтерілген елде өмір сүру — өз қолымызда. Бақытты өмірді әрбіріміз қалыптастырамыз. Дені сау ұлт болу, білім, ғылым жолына өмірімізді арнау басты мақсатымыз болуы шарт. Тәуелсіздік жастардың әлеуетімен өлшенеді. Осы елді аға буыннан қабылдап алып, келешек ұрпаққа аманат ету — біздің парызымыз. Тәуелсіздік тұғырлы болсын!

**Гүлайым
ШУНГАРОВА,**
«Көркем»
бастауыш
ұйымының
төрайымы:

— Тәуелсіздік — еліміздің баға жетпес байлығы. Қазақстан Тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп жатқанына — 30 жыл. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемде жеке-дара дербес ел екенін дәлелдей білді.

Елбасының басшылығымен мемлекеттік рәміздер бекітіліп, биліктің тиімді жүйесі қалыптасты. Ұлттық валюта енгізілді. Қарулы Күштер құрылды. Елдің Негізгі Заңы қабылданды. Шет мемлекеттермен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Қазақстан беделді халықаралық ұйымдардың мүшесі болды. «Қазақстан—2030» Стратегиясы қабылданды. «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің құрылысы сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар іске қосылды. Тұрғын үй құрылысы бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамыды. Мемлекеттік шекараға байланысты барлық мәселені түпкілікті шештік.

Түрлі салаларда ауқымды бағдарламалар, соның ішінде үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы, «Нұрлы жол», «100 нақты қадам» іске асырылды. Біз, өскелең жастар, тәуелсіз Қазақстанның болашағымыз. Ата-бабамыздың аңсаған арманы — тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп, еркін өмір сүріп жатқан біз — шынайы бақытты жандармыз. Ендігі мақсат — осы еркіндікті баянды ету.

**Ақжайық
ЖОМАРТУЛЫ,**
студент:

— Тәуелсіздік жылдары еліміз тарихи тұрғыдан қысқа мерзім ішінде ғаламат табыстарға қол жеткізгені белгілі. 30 жыл ішінде Қазақстан айт арлықтай әлеуметтік және экономикалық жетістіктерге жетті. Жаңа аурухана мен емхана, мектеп және балабақша салу арқылы әлеуметтік инфрақұрылым жаңартылды. Нарықтық экономикаға көшудің және елді жаңғыртуға бағытталған түбегейлі реформаларды жүзеге асырудың нәтижесінде қол жеткіздік. Сондай-ақ, экономикалық өсімді қамтамасыз етіп, жаңа жұмыс орындарын ашуға және қоғамның әлеуметтік бөлінісін азайтуға мүмкіндік берді.

Еліміздің келешегі, Қазақстанның болашағы өз қолымызда.

**Әзірлеген
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.**

ӘКІМ

**Динара
МҰРАТ**

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев өзінің Instagram-дағы парақшасында оқушылар мен ұстаздарды білім күнімен құттықтап, мектептердегі эпидемиологиялық ахуалға тұрақты мониторинг жүргізілетінін хабарлады.

ОНЛАЙН-КЕҢЕС

**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров жаңа оқу жылына дайындық мәселесі бойынша 207 мемлекеттік мектеп директорының қатысуымен онлайн-кеңес өткізген болатын. Онда білім ошақтарының оқушыларды қабылдауға соңғы дайындығы пысықталды. Сондай-ақ, аудандық білім бөлімдерінің басшылары тыңдалды.

Қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров оқу үдерісінің қауіпсіздігіне, оқытушылар құрамының вакцинамен қамтылу деңгейіне, сондай-ақ кей отбасылардың қалау-тілегіне орай онлайн-режимде оқудың сапасына тоқталды.

Жаңа оқу жылында Алматыдағы мектептердің контингенті шамамен 300 мың оқушы болады, 30 мыңнан астам бала 1-сыныпта оқиды. Бүгінде 2-11-сынып оқушылары оқулықтармен 100% қамтамасыз етілді, сонымен қатар оқулықтарды жеткізу жұмыстары да аяқталды. Оның ішінде 1-сыныптарға арналған «Әліппе» мен «Букварь» да бар. 23 мыңнан астам бала тегін тамақпен қамтылатын болады.

Балаларға қауіпсіз эпидемиологиялық ортаны қамтамасыз ету үшін медициналық қарсы көрсетілімдері бар жандарды қоспағанда, мемлекеттік қызметкерлердің 34 мыңнан астамы және жеке білім беру ұйымдарының 11 мың қызметкері 100% вакцина алған. Онлайн оқуға өтініш берген отбасыларға оқу процесінің ұйымдастыры-

**Әсел
ДАҒЖАН**

1 қыркүйектен елімізде кезекті үшінші Ұлттық халық санағы басталды. Ол екі айға созылып, 30 қазанда аяқталады. Соған орай кеше алматылықтарды халық санағына белсенді қатысуға шақырды.

Себебі, бұл деректер жергілікті атқарушы органдарға бірқатар әлеуметтік мәселелерді шешуде, оның ішінде көші-қон мәселелерін реттеуде маңызды көмек болмақ.

Алынған мәліметтер жаңа мектеп, балабақшалар, емханалар мен басқа да әлеуметтік нысандардың құрылысын қаржыландыруға шешім қабылдаған кезде ескеріледі.

Санақ кезеңінде алматылықтар Ұлттық санақтың сауалнама сұрақтарына ыңғайлы онлайн форматта не үй-жайларды аралау кезінде дәстүрлі форматта жауап бере алады.

Онлайн формат қала тұрғындары үшін www.sanaq.gov.kz мамандандырылған веб-сайтында қолжетімді (санақ веб-сайтына egov.kz сайтынан не мемлекеттік органдардың сайттарынан, Aitu қосымшасы арқылы кіруге болады), онда Sanaqman виртуалды көмекші респонденттерге онлайн түрде сауалнаманы толтыру бойынша түсініктеме бере алады.

Дербес санау сайты респонденттің орналасқан жеріне қарамастан 1 қыркүйектен 15 қазанға дейін тұрғындарға 24 сағат бойы қолжетімді болмақ. Тұрғындардың үйлерін аралау дәстүрлі форматы 1 қазаннан 30 қазанға дейін электронды планшеттер арқылы сұхбат алушылармен сауал алу арқылы өтеді.

Өрендерге сәттілік тіледі

Шаһар басшысы қаладағы 287 мектепке 300 мыңға жуық оқушы барғанын айтып, офлайн-режимге көшу қалай жүргізілетінін баяндады.

«Қауіпті індеттің екінші жылға созылуына қарамастан оқу жылының офлайн форматта бастаймыз. 45 мыңнан аса мұғалім мен техникалық қызметкер вакцинадан өтті. Мектептер барлық карантиндік шек-

теу талаптары ескеріле отырып дайындалды. Санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік шараларының сақталуы мен сыныптағы жағдай тұрақты бақылауда болады», — деп атап өтті Б.Сағынтаев.

Сөз соңында қала әкімі оқушыларға оқуда сәттілік, мұғалімдер мен атаналарға шыдамдылық пен табандылық тіледі.



луы туралы ақпарат беріледі және техникалық құралдары мен Интернетке қосылуының қажетті деңгейі бар. Негізінен қашықтан оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыратын және рұқсат етілмеген адамдардың қосылуын болдырмайтын «Сфера» Алматы онлайн-платформасы пайдаланылатын болады.

Кеңесті түйіндеген Ержан Бабақұмаров оқу процесін бақылау бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне мемлекеттік және жекеменшік мектептерде қауіпсіздік іс-шараларын, алдын алу шаралары мен мектептерді қажетті дезинфекциялау құралдарымен және басқа қор-

ғаныс құралдарымен жабдықталуын жүзеге асыру туралы тапсырды.

Қоғамдық денсаулық және Білім басқармалары балаларды профилактикалық тексеруді қайта бастау, білім алушылардың денсаулығының жағдайына медициналық бақылауды күшейту мәселесін пысықтауы қажет.

Сондай-ақ, білім беру ұйымдарындағы балалардың қауіпсіздігі, бейнебақылау жүйелерінің жұмыс істеуі және оларды Полиция департаментінің жедел басқару орталығына алып кету, кіру режимінің сақталуын бақылау және кезекшілікті ұйымдастыру, вахтерлердің, күзетшілердің жұмысы туралы нақты нұсқаулар берілді.

Ұлттық халық санағы
басталды

Онлайн-санақтан өту мүмкіндігі 45 күнмен шектелгендіктен, қала әкімі Бақытжан Сағынтаев қаланың әр ауданының ірі сауда және ойын-сауық орталықтары, сауда үйлерінде, ХҚКО-да, пошта бөлімшелерінде, мектептерде және т.б. жерлерде мүмкіндігі жоқ тұрғындар үшін мамандандырылған санақ орталықтарын ашуға тапсырма берді. Санақ пункттері онлайн-сауалдан өтуге ыңғайлы болу үшін арнайы ұйымдастырылған. Мұнда сауалнаманы толтыру процесін жеңілдетумен қатар, респонденттер өз денсаулығының қауіпсіздігі үшін де алаңдамайды, өйткені, сұхбат алушылар вакцина алған және қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі. Санақтан өткеннен кейін респондентке коды бар SMS-хабарлама келеді, ол міндетті түрде сақталуы қажет және қазан айында дәстүрлі үйлер мен пәтерлерде сізге келетін санақтың сұхбат алушыларына ұсынылады. Онлайн-санақ кезеңінде ұялы нөмірлерден **8-8000800878** және тіркелген телефондар үшін **1446** бірінші байланыс орталығында барлық санақ мәселелері бойынша тегін кенес беру қарастырылған.

Естеріңізге сала кетейік, елімізде 1999 және 2009 жылдары екі ұлттық санақ жүргізілген болатын. Егер 1999 жылдың қорытындысы бойынша халық саны **14 953 100** адамды құраса, онда санақаралық кезеңде республика халқының саны **1 028 300** адамға өсті, ал 2009 жылы **16 009 600** адамды құрады. Биыл Қазақстанның **19** миллионыншы тұрғыны тіркелді. Ол Алматы облысында дүниеге келген еді. Халықтың белсенді өсуі Алматыда байқалады. Қала өзінің халқы миллионнан екі миллионға дейін ұлғайтып, елдегі ең ірі мегаполис мәртебесін растап отыр.

Санақтан
кімдер өтеді?

Тұрақты тұрғындар, еліміздің азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар да санақтан өтеді. Сондай-ақ, қызметтік міндеттерін орындауға байланысты шет елде жүрген біздің азаматтар, «Болашақ» бағдарламасы және студент алмасу бағдарламалары бойынша оқитын студенттер, шет елге демалысқа, емделуге немесе қонаққа кеткен туристер де санақтан өтеді. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген немесе пана іздеген қоныс аударушылар, сондай-ақ **12** айдан аз, уақытша елде жүрген шетелдіктер де санаққа алынады.

Қандай сұрақтар
қойылған?

Халық санағын өткізу үшін **91** сұрақтан тұратын санақ парақтары әзірленді. Олар үй шаруашылықтарында тұратын адамдар саны, тұрғын үй жағдайлары туралы сұрақтарға жауап береді. Үй шаруашылығының әр мүшесі толтыратын «Жеке» санақ парақтары және шетелдіктер, елде уақытша жүргендер үшін арнайы санақ парақтары бар. Санақ парақтарына халықтың көші-қоны, тіршілік қабілетін шектеу, пандемияның табыс деңгейіне әсері, коронавирус инфекциясымен сырқаттанушылық және халықты вакциналау туралы жаңа сұрақтар енгізілді. Жұмыспен қамту, тіл меңгеру, мекен жағдайы және бала туу туралы сұрақтардың да қатары кеңейтілді.



ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы



(Басы 1-бетте)

Қымбатты отандастар! Құрметті Парламент депутаттары мен Үкімет мүшелері!

Биыл егемен ел болғанымызға 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз.

Қазақстан Тұңғыш Президентіміз – Елбасының дара саясатының арқасында табысты ел ретінде бүкіл әлемге танымал болды.

Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік. Мемлекеттілігімізді нығайту үшін бір ел болып еңбек етіп жатырмыз.

Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес. Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы.

Барлық бастамамыз осыған бағытталуда. Біз тұғыры мығым ел болу жолында кедергілерді еңсеріп, қиындықтарды жеңіп келеміз. Мұның бәріне берекелі бірлік пен еселі еңбек арқылы жеттік.

Еліміз Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына қадам басқалы тұр. Бұл кезеңнің оңай болмайтыны қазірдің өзінде айқын байқалауда. Сондықтан кез келген сын-қатерге дайын болуға тиіспіз. Тынымсыз ізденіп, ұдайы алға ұмтылуымыз қажет.

Менің Қазақстан халқына биылғы Жолдауым мынадай мәселелерге арналады.

І. ПАНДЕМИЯДАН KEЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

Орталық Азиядағы экономикасы ең ауқымды ел саналатын Қазақстан қазір пандемияның зардабын тартуда. Дегенмен, қиындықтарға қарамастан, бағдарымызды берік ұстанып келеміз.

Біз орта мерзімді экономикалық саясатымызды айқындап, мемлекеттік бастамаларды реттеу үшін 2025 жылға дейінгі дамудың Ұлттық жоспарын және Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін қабылдадық. Ұлттық жобалар бекітілетін болады.

Стратегиялық мақсатымыз – Орталық Азиядағы көшбасшылық рөлімізді күшейту және әлемдік экономикадағы орнымызды нығайту.

Экономикамызға тікелей инвестиция тарту ісін жалғастырудың жаңа тәсілі ретінде Стратегиялық инвестициялық келісім ұғымы енгізілді. Квазимемлекеттік секторды оңтайландыру үшін нақты шараларды қолға алдық. «Бәйтерек» және «ҚазАгро» холдингтерін біріктірдік. Еншілес компаниялар екі есе азайды, олардың штат санын бір жарым есе қысқарттық. Жаңа, қуатты даму институтын құрдық.

Пандемия кезінде мемлекет азаматтарға және кәсіпкерлерге ауқымды әрі жедел қолдау көрсетті.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы өзінің тиімділігін дәлелдеді. Оны жүзеге асыру барысында 3,5 мыңнан астам жоба іске қосылды. Сондай-ақ, 70 мың жұмыс орны ашылды. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің жалпы құны 3,5 триллион теңге болды.

«Бизнестің жол картасы» бағдарламасының арқасында 66 мың жоба мемлекет тарапынан қолдау тапты. Бұл 150 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға және сақтап қалуға септігін тигізді.

Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану туралы бастама экономикаға айтарлықтай әсер етті. Ең бастысы, оның әлеуметтік ықпалы айрықша болды. Осы шараның арқасында миллионнан астам азаматымыз тұрғын-үй жағдайын жақсартты. Кейбірі ипотекалық қарызын азайтты.

Жалпы экономикалық дамуымызда оң үрдіс бар екені сөзсіз. Алайда, бүгінгі ахуалдың әлі де күрделі екенін ашық айтуымыз керек. Сондықтан мен «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламаларының мерзімін 2022 жылға ұластыру туралы шешім қабылдадым. Бұл мақсатқа бөлінетін қаржының жалпы көлемі кемінде бір триллион теңге болады.

Қазақстан мемлекеттік қарызы аздығының және едәуір қоры болғанының арқасында індет салдарын біршама тиімді еңсеруде. Бұл – біздің елеулі бәсекелік артықшылығымыз. Одан айырылып қалмауымыз керек.

Алайда, соңғы кезде бюджеттің шығыс бөлігіндегі міндеттемелерді орындау үшін бюджет тапшылығы ұлғайып, Ұлттық қордан алынатын трансферттер көбеюде. Үнемі осылай «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүре алмаймыз. Біздегі қаржылық орнықтылықты қоры соншалықты шексіз емес.

Бюджеттің кірісін арттыру үшін шаралар қабылдау қажет екені сөзсіз. Бірінші кезекте, мемлекеттік шығыстардың ауқымын және оның тиімді жұмсалуды бақылауда ұстау керек.

Ұлттық қордың активтерін қалпына келтіру үшін бюджет ережесін енгізуді тездеткен жөн. Бұған қажетті заңнамалық өзгерістер осы жылдың соңына дейін қабылдануға тиіс. Жалпы, елімізге мемлекет қаржысын, атап айтқанда, мемлекеттік қарызды, бюджет саясатын және Ұлттық қорды басқарудың ережелер жинағы қажет.

Үкімет пен Ұлттық банктен жыл соңына дейін Мемлекет қаржысын басқару тұжырымдамасын әзірлеуді сұраймын.

Сонымен бірге, экономиканы әртараптан-дыру, өндірілетін тауарлардың түрін көбейтіп, экспорт географиясын кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру керек.

2020 жылдың қорытындысы бойынша, индустрияландыру жүзеге асырылып жатқан 10 жыл ішінде тұңғыш рет өңдеу өнеркәсібінің экономиканы дамытуға қосқан үлесі тау-кен өндірісі саласынан асып түсті.

Орта мерзімдегі мақсатымыз – 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібінің экспортын 1,5 есеге көбейтіп, 24 миллиард долларға жеткізу. Ал еңбек өнімділігін 30 пайызға арттыру.

Әзірленіп жатқан «Өнеркәсіп саясаты

туралы» заң өңдеу өнеркәсібінің алдында тұрған сауалдарға жауап беруге тиіс.

Соның бірі – шикізатқа қол жеткізудің қиындығы. Отандық өнеркәсіп үшін шикізат тауарларының бағасы қолжетімді, ал көлемі жеткілікті болуы керек деген қарапайым ережені енгізуіміз қажет.

Үкімет жыл соңына дейін осы маңызды міндетті шешудің оңтайлы жолын табуға тиіс.

Бұл ретте еліміздің ресурстық әлеуеті толық ашылмағанын, геологиялық тұрғыдан зерделену деңгейі төмен екенін қаперден шығармаған жөн.

Сапалы геологиялық ақпараттың инвесторларға қолжетімділігін арттыру қажет. Осыған орай түрлі ведомстволарға бағынатын бытыранқы мекемелердің негізінде тиімді Ұлттық геология қызметін құру керек.

Бұл орган жер қойнауын кімге және қалай беруді шешетін монополияға айналуға тиіс. Оның міндеті – инвесторларға кешенді қызмет көрсетіп, қолдау білдіру.

Жер қойнауын пайдалану саласына, әсіресе геологиялық барлау және жер қойнауын кешенді зерттеу ісіне тың серпін қажет.

Ұлт жоспары аясында басталған реформаларды соңына дейін жеткізген жөн. Атап айтқанда, геологиялық ақпараттың ашық цифрлық мәліметтер базасын құрып, оны инвесторлар үшін қолжетімді ету керек.

Жер қойнауы – ұлттың байлығы. Оны пайдалануға беруді оңаша кабинеттерде «бармақ басты, көз қыстымен» шешу заңсыз деп танылуға тиіс. Тиісті органдар бұл мәселе бойынша бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

Келесі мәселе. Мемлекеттің экономикаға тым көбірек араласуы оның өсімін тежейді, сыбайлас жемқорлыққа және заңсыз лобби жасауға әкеп соқтырады.

Мемлекеттік кәсіпорындар әлі де болса көптеген салада басымдыққа ие, жеңілдіктерді жеке дара пайдаланады.

Біз бұл проблемаларды шеше бастадық. Мәселен, Мемлекеттік басқару тұжырымдамасында квазимемлекеттік секторды қысқарту және оның тиімділігін арттыру, жұмысының ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қарастырылған.

Реформалар жөніндегі жоғары кеңес жекешелендірудің жаңа жоспарын мақұлдады. Енді оны қатаң бақылау қажет.

Бұдан басқа да мәселелер бар. Атап айтқанда, жекелеген ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындар шығынға батып жатыр. Сөйте тұра неге олардың бірінші басшылары жауапкершілік арқамайды?

Үкімет бұл мәселені шешуі керек. Сонымен бірге, біз инфляцияның бақылаусыз өсу проблемасымен бетпе-бет келдік. Үкімет пен Ұлттық банк бәрін әлемдік үрдіске жауып, инфляцияның алдында қауқарсыздық танытып отыр.

Мұндай сылтау ұлттық экономиканың әлсіздігін көрсетеді. Онда «біздің кәсіби экономистеріміздің рөлі қандай?» деген сауал туындайды.

Үкімет пен Ұлттық банктің басты міндеті – инфляцияны 4-6 пайыз деңгейіне қайтару.

Жалпы сомасы 6,3 триллион теңге жұмсалған дағдарысқа қарсы шаралар жүзеге

асырылғаннан кейін экономикамызда артық ақша пайда болды. Алайда, бүгінгі таңда бөлінген қаржы әлі бармай жатқан салалар бар. Екінші деңгейдегі банктер шағын жобаларға, әсіресе ауылға арнап ақша салмайды.

Сондықтан микроқаржы ұйымдарының әлеуетін іске қосу керек. Олар жергілікті жерде жұмыс істейді. Өзінің тұтынушыларын, олардың бизнесі мен мүмкіндіктерін жақсы біледі.

Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бұл мәселе бойынша шешімдер топтамасын әзірлеуі қажет.

Стресті активтер деңгейін төмендету жұмысы да айрықша маңызға ие.

Біз мемлекет банкирлерге көмектеспеуге тиіс деген шешім қабылдадық.

Сонымен бірге, шектеу қойылып, бұғатталған активтерді экономикалық айналымға қайтару керек. Алайда, мұны тек қана нарықтық негізде жүзеге асырған жөн.

Бұған заңнамалық негіз болуы қажет.

Үкімет Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, жылдың соңына дейін тиісті заң жобасын Парламентке енгізісін.

Енді инфляцияның монетарлық емес тұстарына тоқталайық. Оның ең бастысы – азық-түлік бағасы.

Қазақстанның ауыл шаруашылығының әлеуеті орасан зор екені көп айтылады. Бірақ агроөнеркәсіп кешені саласында қордаланған проблемалар да аз емес.

Ең алдымен, бұл – азық-түлік тауарларының бағасын белгілеудің және оны бөліп-таратудың тиімсіз жүргізілуі.

Мен бұған дейін көтерме-тарату орталықтарының желісін құрудың маңыздылығы туралы айтқан болатынмын. Бұл міндет орындалып жатыр.

Осы орталықтардың шағын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге, соның ішінде, жеке қосалқы шаруашылықтарға да қолжетімді болуын қамтамасыз ету маңызды. Бұл нарықтың монополиялануына жол беруге болмайды.

Сонымен бірге, өнім өндірушіден тұтынушыға дейінгі аралықтағы бағаның бәріне бірыңғай бақылау жасау қажет. Қазір осы жұмысқа бірнеше мекеме жауапты. Әр жолы баға шарықтағанда олар байыппен сараптама жасап, тиімді шаралар қабылдаудың орнына бір-біріне сйлттей бастайды.

Бұл жұмысты ретке келтіретін кез келді. Жауапкершіліктің аражігін ажырату керек. Бір мекемені басты орган ретінде айқындап, өзгелерінің өзара іс-қимылын нақты белгілеу қажет. Үкімет осы мәселе бойынша бір айдың ішінде шешім қабылдауға тиіс.

Екіншіден, ауа райының қолайсыздығы мал шаруашылығында түйткілді мәселелер бар екенін көрсетті.

Біз жедел шара қабылдап, жем-шөп тапшылығына байланысты ахуалды реттедік.

Дегенмен, бұл салада әлі де жүйелі жұмыс атқару керек.

Жем-шөп дайындауға қажетті жер көлемін кеңейткен жөн.

Сондай-ақ, егіс алқабына әр жылы әртүрлі дақыл егу талабын сақтау үшін тиісті бақылауды күшейткен абзал.

Ғарыштық мониторинг және қашықтан зондтау мүмкіндігін кеңінен қолдану керек. Жайылымдық жерді тиімді пайдалану да өте маңызды.

Қазір мал жаятын жерге шаруалардың қолы жетпей жүр.

Өйткені, мұндай алқаптарды кейбір белгілі адамдар иеленіп алған. Тіпті, оны адам аяғы баспайтындай етіп қоршап тастаған.

Әкімдер түрлі себептерді сылтауратып, ықпалды адамдардың ығына жығылып, бұл мәселені шеше алмай отыр.

Үкімет құзырлы органдармен бірлесіп, осы ахуалды өзгертетін батыл шаралар қабылдауға тиіс.

Жеке қосалқы шаруашылықтардың малын жайылымдық жермен қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аудару қажет.

Олардың құқықтық мәртебесі және көрсетілетін қолдау тәсілдері «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» бөлек заңда көрініс табуы керек.

Үкімет бұл заң жобасын өте қысқа мерзімде әзірлеуге тиіс.

Ветеринария саласын да жетілдіру қажет. Бұл салада орталық пен өңірлер арасындағы міндеттер мен құзыреттер нақты бөлінуі керек.

Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты.

Бұл, түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді.

(Жалғасы 4-5-6-беттерде).



ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың

(Басы 1-3-беттерде)

Ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мүмкін емес.

Сондықтан осы салада жүйелі жұмыс атқарылуға тиіс.

Атап айтқанда, үдерістерді цифрландыру, мәлімет жинау және оны автоматтандыру, маман даярлау және олардың жалақысын көбейту шаралары.

Үкімет жыл соңына дейін ветеринария жүйесін реформалау жөнінде нақты шаралар қабылдауы керек.

Үшіншіден, біздің аграрлық саясатымызда сабақтастық болмай отыр. Министр ауыса, саланың саясаты да өзгереді.

Мұндай жағдайда шаруаларға алдағы жұмысты жоспарлау қиынға түседі.

Бірыңғай негізгі бағыт болуы қажет.

Соған сәйкес субсидиялау тәсілдерін қайта қарап, тұрақтандыру керек.

Келесі мәселе.

Соңғы бес жылдың өзінде субсидиялауға екі триллион теңгеден астам қаржы бөлінді.

Екіншіке қарай, агроөнеркәсіп кешеніне қатысты қозғалған қылмыстық істердің жартысынан астамы субсидияны талан-таражға салуға байланысты болып отыр.

Бұған жол беруге болмайды.

Нормативтік негізін нығайтып, тиімді жоспарлау және мониторинг жүргізу жүйесін енгізу қажет.

Субсидияны рәсімдеу тәртібі түсінікті әрі толығымен ашық болуға тиіс.

Шағын және орта шаруашылықтар үшін субсидия толығымен қолжетімді болуы керек.

Ауыл шаруашылығын технологиялық тұрғыдан қайта жабдықтауды қолдау тәсілдерін мұқият қарауымыз қажет.

Агроөнеркәсіп кешені қолданатын технологияның шамамен 90 пайызы әбден ескірді. Оны жаңарту керек.

Ауыл шаруашылығын субсидиялау саясатын өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік саясатпен ұштастырған жөн.

Үкімет пен «Бәйтерек» холдингі осы мәселе бойынша ұсыныстар әзірлеуі қажет.

Жалпы, ауыл шаруашылығы саласының басты міндеті – елімізді негізгі азық-түлік өнімімен толық қамтамасыз ету.

Мен биыл ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге және олардың қатысы бар компанияларға сатуға және жалға беруге біржола тыйым салған заңға қол қойдым.

Жер кодексіне қазақстандық инвесторларды ауыл-аймақтарды дамыту үшін қаржы салуға ынталандыратын түзетулер енгізілді.

Бұл өзгерістер ауыл шаруашылығы жерлерін толық экономикалық айналымға түсіруге мүмкіндік береді.

Шын мәнінде, осы шешімдердің барлығы агроөнеркәсіп секторына оң ықпал етеді.

Соның арқасында ауыл шаруашылығы ұлттық экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналады деп сенемін.

Келесі мәселе. Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру.

Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар трансферті, Индустрия 4.0 элементтерін енгізу айрықша маңызды. Біз шет елдегі стратегиялық серіктестерімізбен белсенді жұмыс істеуге тиіспіз.

Сонымен бірге, отандық IT-секторды дамытып, күшейте түсу де маңызды. Елімізге жас, білімді әрі ынталы мамандар керек. Цифрландыру жөніндегі ұлттық жобаның аясында кемінде 100 мың жоғары білікті IT-маман даярлау қажет.

Цифрлық саладағы қызметтер мен тауарлардың экспорты 2025 жылға қарай кемінде 500 миллион долларға жетуге тиіс.

Осы және басқа да міндеттер мемлекеттік секторды толығымен «цифрлық қайта жүктеуді» талап етеді. Мұндағы бұрыннан келе жатқан басты түйткіл – мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің өзара тиімді кіріктірілмеуі. Бұл мәселе түбегейлі әрі тезірек шешімін табуы керек.

Біріншіден, «Электронды үкіметтің» мүлде жаңа құрылымын жасау керек. Мемлекеттік сектордың барлық IT-бастамасы тек қана қазақстандық мемтхтың жаңа платформасына негізделеді.

Бұл платформа қайталауларды, тиімсіз шығыстарды және бюрократияны жояды. Мемлекеттік қызметтер азаматтарға смартфоннан 100 пайыз қолжетімді болады.

Екіншіден, біз мемлекеттік органдардың бизнес-үдерісін түгел қайта қарап, цифрлық форматқа көшіретін Цифрлық трансформация орталығын ашамыз.

Үшіншіден, ұлттық компаниялар IT-қауымдастықпен өзара қарым-қатынас жасайтын платформа құруымыз қажет. Квзимемлекеттік сектордың цифрлық қажеттілігі мен

сұранысы барынша отандық компаниялардың күшімен қамтамасыз етілуге тиіс.

Төртіншіден, мәлімет беру желісін халықаралық дәліздермен ұштастыра отырып, оны біртіндеп кеңейту және жаңарту қажет. Көрші елдерге де қызмет көрсете алатын мәлімет өңдеудің заманауи орталықтарын құру керек.

Біз еліміздің орасан зор ақпараттық-телекоммуникациялық әлеуетін іске асыра білуге тиіспіз. Жаңа цифрлық дәуірде ол геосаяси маңызға ие болады.

Қазақстан Еуразия өңірінің басым бөлігі үшін орталық цифрлық хабқа айналуға тиіс.

Осы міндетті орындау үшін кадрлық әлеуетімізді күшейтуіміз керек. Премьер-Министр маған өз ұсыныстарын берсін.

Келесі мәселе. Ауғанстандағы ахуал және жаһандық шиеленістің күшеюі бізге қорғаныс өнеркәсібі кешенін және Әскери доктринамызды толығымен қайта қарауға міндеттейді.

Қорғаныс қабілетімізді нығайтып, қауіп-қатерлерге жедел үн қату мемлекеттік маңызы бар басымдыққа айналуға тиіс.

Біз сыртқы қатерге және оқиғаның қалай өрбуіне де дайын болуымыз керек.

Сырттан төнетін қауіпті модельдеу айрықша өзектілікке ие болуда.

Стресс-тест өткізіп, сценарийлер дайындаған жөн. Соның негізінде мемлекеттік аппараттың іс-қимыл жоспары әзірленіп, түзетіліп отыратын болады.

II. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Халқымыз «Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған.

Коронавирус денсаулық сақтау саласы үшін үлкен сынақ болды.

Әлемді жайлаған індеттің беті әлі қайтар емес.

Күн сайын мыңдаған азаматымыз дертке шалдығып, талай адам өмірден өтуде.

Біз уақыт ұттырмай індетпен күресу шараларын дереу қолға алдық.

Қазақстан – коронавирусқа қарсы вакцина жасап шығарған әлемдегі санаулы мемлекеттің бірі.

Біздің вакцинамыздың тиімді әрі қауіпсіз екеніне еш күмән жоқ.

Қазір «QazVac»-қа өзге мемлекеттер де сұраныс білдіруде.

Елімізде вакцина қоры жеткілікті, азаматарымыздың таңдау мүмкіндігі бар. Көптеген мемлекеттердің бұған қолы жетпей отыр.

Елімізде жаппай екпе салу жүріп жатқанымен, қоғамда оған қарсы адамдар әлі де көп.

Олар өздері бас тартып қана қоймай, халықты кері үгіттеуде.

Соның кесірінен қаншама жұртты адастыруда.

Мұндай адамдар өзінің ғана емес, өзгенің өмірі үшін де жауап беретінін түсінуге тиіс.

Сондықтан екпе алуға қарсы үгіттеп жүргендердің жетегінде кетпеген жөн.

Адамзат көптеген індетті бастан өткерген. Вакцина пайда болғаннан кейін ғана қауіпті дерттерге тосқауыл қойылғанын ұмытпауымыз керек.

Алдағы уақытта әлемде коронавирустың жаңа штамдары шығуы мүмкін. Сарапшылар басқа да індеттер пайда болатынын айтуда.

Біз оның қашан болатынын күтіп, қарап отыра алмаймыз.

Осындай жағдайда өмір сүріп, әрі қарай дамуға бейімделуіміз керек.

Қазір «бустерлік вакцинаны» сатып алу өте маңызды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында тіркелген вакциналарды тезірек сатып алу қажет.

Сонымен бірге, бүкіл денсаулық сақтау саласын тұрақты екпе алу жүйесіне дайындаған жөн.

Еліміздің биологиялық қауіпсіздігін болжаумен айналысатын Ұлттық жүйе құрылуға тиіс.

Бұл шара тиісті заң жобасында қарастырылған.

Парламенттен осы заң жобасын қазіргі сессияның соңына дейін қабылдауды сұраймын.

Медициналық сараптама жасайтын көптеген зертханамыз халықаралық стандартқа сай емес.

«Дені сау ұлт» жобасы бойынша кемінде 12 зертхананы жоғары технологиялық құралдармен жабдықтау қажет.

Соның арқасында зертханаларымыз 90 пайызға дейін халықаралық талапқа сай жұмыс істейтін болады.

Коронавирусқа қатысы жоқ ауруларға байланысты ахуалды нашарлатып алмауымыз керек.

Пандемия кезінде жоспарлы скринингтер мен ота жасау кейінге қалып жатыр.

Бұрыннан бар стандартты екпелер көптеген балаларға салынбай қалуда. Әрине, бұған жол беруге болмайды.

Медицина саласына қомақты қаржы құю керек.

Бұл қаражат инфрақұрылымға, маман даярлауға және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жұмсалуда тиіс.

Фармацевтика өнеркәсібіне ерекше көңіл бөлу қажет.

Вируспен күрес кезінде дәл осы сала еліміздің бәсекеге қабілеті мен қауіпсіздігі үшін маңызды екеніне көзіміз жетті.

Сондықтан медицина өнімдерін Зертханалық және техникалық сынақтан өткізетін орталық құруымыз керек.

Жаһандық фармацевтикалық корпорациялармен ынтымақтастықты жандандырған жөн.

Инвесторларды тартып, озық технологияны және осы саладағы жаңа зерттеу жұмыстарын игеруді қолға алу керек.

Отандық тауар өндірушілермен жасалатын оффтейк келісім-шарттарының көлемін арттырып, өнім түрін көбейту қажет.

Біздегі дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтың 17 пайызы ғана – отандық өнім. 2025 жылы оны 50 пайызға жеткізу қажет.

Денсаулық кепілі – дене шынықтыру.

Жұрттың және балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалуы қажет екенін тағы да қайталап айтамын.

Облыс әкімдері спорт инфрақұрылымын біртіндеп салуды қамтамасыз етуге тиіс.

Жалпы, Токио Олимпиадасының қорытындысына байланысты спорттағы ахуалды бөлек кеңесте қарау қажеттігі туындап отыр.

III. САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

Биылғы қаңтар айынан бастап педагогика саласы қызметкерлерінің жалақысы 25 пайызға көбейді.

Алдағы үш жылда осы мақсатқа тағы 1,2 триллион теңге жұмсаймыз.

Қабылданған шаралар жемісін беріп жатыр. Педагогикалық мамандықты қалап, оқуға түскендердің орташа балы күрт өсті.

Біз ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра береміз.

Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Бұл – кезек күттірмейтін шаруа.

Пандемия кезінде қашықтан оқытудың нәтижесі ұлттық телекоммуникация желілерінің тиімділігі төмен екенін көрсетті.

Мұндай ахуал негізгі, қарапайым білімнің өзін меңгере алмаған оқушылардың саны артуына әкеп соқты. Тағы бір проблема, нағыз қиындық осы деуге болады, балалар оқуын тастап кетіп жатыр. Өйткені, білім алуды қажет деп санамайтын болды.

Үкіметке бұл мәселемен, атап айтқанда, қашықтан білім беруге қажетті ақпараттық жүйенің сапасын жақсартумен мықтап айналысуды тапсырамын.

Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс.

Сонымен бірге, жағымды жаңалығымыз да бар. Быыл бірнеше оқушы халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды.

Ондай дарынды балаларға жан-жақты қолдау көрсету қажет. Біз оларға жоғары оқу орнына түсу үшін конкурстан тыс гранттар береміз. Бір реттік ақшалай сыйақы да төлейміз.

Балалардың ұстаздарын да моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандырған жөн.

Тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты аясында қолдау көрсету айрықша маңызды.

Материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтырған жөн.

Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет.

Мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек деп санаймын. Өйткені, олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс.

Бұл ретте ұстаздардың курстан өту үшін өз қалтасынан ақша төлеуіне жол берілмейді.

Орта білім беру жүйесіндегі өткір проблеманың бірі – мектептердегі орын тапшылығы. 225 мың оқушыға орын жетіспейді.

Шұғыл шара қабылдмасақ, 2025 жылға қарай орын тапшылығы 1 миллионға жетеді.

Мен 2025 жылға дейін кемінде 800 мектеп салу туралы тапсырма берген болатынмын. Бүгін оның санын бір мыңға жеткізуді міндеттеймін.

Мектептерді бюджет қаржысына салумен қатар, осы өзекті мәселені шешуге жеке секторды да тартқан жөн.

Толық білім беретін ауыл мектептерін оқушы санына қарай қаржыландыруға біртіндеп көше бастауымыз керек.

Балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Өске-лең ұрпақ өзінің болашақ кәсібин саналы түрде таңдай білуге тиіс.

Үкімет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, осы маңызды міндетті шешумен айналысуы керек.

Біз «Тегін техникалық және кәсіби білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастырамыз.

Бүгінгі таңда NEET санатындағы 237 мың жас оқу да оқымайды, жұмыс та істемейді.

Жыл сайын мектеп бітірген 50 мың түлек оқуға ақылы негізде түседі. Олардың 85 пайызы – тұрмысы төмен отбасының балалары.

Бұл жағдайды түзету қажет. Сұранысқа ие барлық мамандық бойынша техникалық және кәсіби білім жүз пайыз тегін берілуі керек.

Мамандық алудың тағы бір мүмкіндігі армияда берілуіне тиіс.

Мерзімді әскери қызметтегі сарбаздардың экономикадағы нақты сектор үшін қажетті жұмысшы мамандығын игеру мәселесін пысықтаған жөн.

Құзырлы министрлік жоғары білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті.

Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз.

Бұл саладағы түйткілдердің шешімін табу үшін жылдың соңына дейін заңнамаға өзгерістер енгізу қажет.

Ең алдымен, жетекші ғалымдарымызға тұрақты және өз еңбегіне лайықты жалақы төлеу мәселесін шешу керек.

Мұны ғылымға бөлінетін базалық қаражат есебінен қамтамасыз еткен жөн.

Мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында іргелі ғылыммен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарын тікелей қаржыландыру тәртібін енгізуді тапсырдым.

Құзырлы министрлік осындай ғылыми мекемелерді іріктеудің және қаржыландырудың айқын әрі ашық ережесін әзірлеуі керек.

Келесі мәселе. Грант мерзімінің үш жылмен шектелуі іргелі ғылымды дамытуға едәуір кедергі келтіріп отыр.

Осындай қысқа жоспарлау мерзімінде қандай да бір нәтижеге қол жеткізудің өзі қиын екені анық.

Ғылым саласын гранттық қаржыландыру мерзімін бес жылға дейін ұзарту мәселесін қарастырған жөн.

Ұлттық ғылыми кеңестер шешімдерінің әділдігі туралы мәселе де күн тәртібінен түспей тұр.

Осыған орай, апелляция институтын енгізу қажет деп санаймын.

Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр.

Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз.

IV. ӨНІРЛІК САЯСАТТЫ ЖЕТІЛДІРУ

«Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» басты қағидаты – мемлекеттік аппарат азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеуге тиіс. Бұл бірінші кезекте жергілікті билікке қарата айтылып отыр.

Тұрғындармен тікелей қарым-қатынас жасап, олардың проблемаларын шұғыл шешумен дәл осы әкімдіктер айналысады. Бірақ әрдайым осылай болып жатқан жоқ. Жоғары басшылықтың өңірлерде қабылданған шешімдерді түзетуіне, тіпті, кейде солардың орнына шешім қабылдауына тура келеді.

Түрлі деңгейдегі әкімдердің батыл әрі дербес қадам жасауға қабілеті жетпей жатады. Олар орталыққа жалтақтап жұмыс істейді.

Бұл, негізінен, әкімдердің халық алдындағы қазіргі жауаптылық деңгейі жеткіліксіздігіне байланысты екенін мойындаған жөн. Олардың қызметіне баға бергенде өңір тұрғындарының пікірі ескеріле бермейді.

Сондықтан барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысын бағалау тәсілін оңтайландыру керек.

Осыған орай тәуелсіз әлеуметтік сауалнама жүргізудің маңызы зор. Бұл тәсіл арқылы билік органдары жұмысының сапасына тұрғындардың көзқарасы туралы шынайы мәлімет алуға болады. Формальды есептерден гөрі сауалнамадан халықтың көңіл күйі анық аңғарылады.

Президент Әкімшілігі осы мәселеге байланысты ұсыныстар топтамасын әзірлеуі керек.

Өңірлік саясатта әлеуметтік-экономикалық дамудағы теңсіздікті азайтуға айрықша мән беру керек.



ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Қазақстан халқына Жолдауы

Әр аймаққа тән міндеттерді жалпыхалықтық басымдықтармен дұрыс ұштастыра білу қажет.

Ұлттық даму жоспары аясында азаматтардың тұрмыс сапасын арттыру үшін нақты 25 міндет айқындалды.

Жұмысымыздың басым бағыттары – осы. Сондықтан Үкімет пен әкімдер Өңірлерді дамыту жоспарларын бекітілген жалпыхалықтық міндеттерге сәйкес жанартуы қажет.

Әрине, теңсіздікті азайтудың басты тәсілінің бірі – бюджет қаржысын басымдыққа сай жұмсау. Республикалық бюджеттен қаржы бөлу әкімдердің пысықтығына, қандай да бір жеке көзқарасқа және басқа да субъективті факторларға байланысты болмауы керек.

Бюджет үдерісін «қайта жүктеу» үшін жан басына қарай қаржыландыру тетігін неғұрлым кеңірек қолданып, бюджет лимиттерін бөлудің объективті әдістемесін енгізу қажет.

Бюджет үдерістерін жеңілдетіп, бюрократияны барынша азайтқан жөн. Сондай-ақ, бюджетті жоспарлау мен орындау кезінде цифрлық тәсілдерді қолдануды кеңейту керек.

Сонымен бірге, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершілігін арттыра отырып, бөлшектенген бюджетті енгізу керек.

Үкімет бюджет заңнамасы мен заңға тәуелді актілерге енгізілетін тиісті өзгерістер топтамасын әзірлегені абзал.

Жобалардың сметалық құнын үнемі артық көрсету – аса өткір проблема. Бұл балабақша және мектеп сияқты шағын жобаларға да, ірі инфрақұрылымдық жобаларға да қатысты.

Қолданыстағы нормативтік база мен тәжірибені өте қысқа мерзім ішінде түбегейлі қайта қарау керек.

1 желтоқсанға дейін Үкімет пен Есеп комитетіне ұсыныстар енгізуді тапсырамын.

Келесі мәселе – өңірлердің қаржылық дербестігін арттыру.

2020 жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін корпоративті табыс салығы жергілікті бюджетке берілді.

Содан бері экономикалық белсенділік төмендегеніне қарамастан, жергілікті бюджеттердің түсімі жоспардағыдан 25 пайызға артық түсе бастады.

Бұл әкімдердің жергілікті бизнесті дамытып, инвестициялар мен салықтық базаны көбейтуге қызығушылық артқанын білдіреді. Осы бағыттағы жұмысты жалғастыру керек.

Үкіметтен жыл соңына дейін тиісті ұсыныстар топтамасын әзірлеуді сұраймын.

Қазақстан орнықты урбанизация үрдісі мен келе жатыр.

Тұрғын саны миллионнан асатын қалалар еліміздің жаһандық бәсекелік қабілетінің тірегі, ал облыс орталықтары өз өңірлері өсімінің өзегі болуға тиіс.

Сондықтан агломерацияны дамыту туралы заң мен қалалардың кешенді құрылысының жаңа стандартын әзірлеу керек.

«Адамдар – инфрақұрылымға» қағидатының сақталуы айрықша маңызды. Болашағы бар ауылдарды дамытуға баса назар аудару керек. Басты мақсат – олардың Өңірлік стандарттар жүйесіне сай болуын қамтамасыз ету.

Бұл ұстанымдар Аумақтық даму жоспарында бекітілуіне тиіс.

Қазір өндірістік өнеркәсіптің 40 пайызы 27 моноқаланың еншісінде. Онда 1,4 миллион азаматымыз тұрады.

Моноқалалардағы тыныс-тіршілікті одан әрі жандандыруға қатысты жан-жақты ойластырылған шешімдер қажет. Бұл мәселені біз жуық арада бөлек кеңесте талқылайтын боламыз.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту – басым бағыттың бірі.

«Халық қатысатын бюджет» орталыққа бағынатын қалалар мен облыс орталықтарына табысты енгізілді. Азаматтардың нақты сұранысына сәйкес ондаған абаттандыру жобасы жүзеге асырылды. Бұл – жақсы тәжірибе.

Енді абаттандыру және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығының бюджетіндегі «халық қатысатын» үлесті 10 есе арттыру керек.

Еліміздің ішкі байланысын жақсарту үшін көлік инфрақұрылымына қатысты бұған дейін басталған барлық жобаны аяқтауымыз керек.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында орталықты өңірлермен жалғайтын біртұтас көлік желісі қалыптасуда. Стратегиялық маңызы зор инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды.

Әкімдер мен Үкімет әрбір өңір үшін дәл осындай Инфрақұрылымдық даму бағдарламасын қолға алуы керек.

Жергілік жерде инфрақұрылымды жаңғыртуға байланысты талайдан бері қордаланған мәселелер бар.

Үкімет «Самұрық–Қазына» қорымен бірлесіп, мынадай ауқымды жобаларды жүзеге асыруға кірісуі қажет.

Алматыдағы 2-ші жылу электр орталығының аумағында булы газ қондырғысын салу, 3-ші жылу электр орталығын жаңғырту және 1-ші жылу электр орталығын кеңейту керек.

Оңтүстік өңірде 1000 мегаватт энергия өндіретін жаңа қуат көздерін іске қосу қажет. Алматы қаласы мен Алматы облысындағы кабель желілері жаңғыртылуға тиіс.

Бұл жобаларға салынатын инвестицияның жалпы көлемі бір триллион теңгеден асады.

Біз стратегиялық инвесторларымызбен бірлесіп, еліміздің түрлі өңірінде шамамен 2400 мегаватттық жаңғыртылатын қуат көзін іске қосамыз.

Еліміздегі экология мәселесі басты назарда болуға тиіс.

Әсіресе, ауаның тазалығы айрықша маңызды.

Сондықтан мейлінше ластанған 10 қаланы орта мерзімді кезеңде газға немесе баламалы қуат көздеріне көшірген жөн.

Биыл батыс өңірлерін газбен қамтамасыз ету ісін жақсарту үшін жалпы сомасы 700 миллиард теңге болатын үш жоба бойынша жұмыс басталады.

Бұл – Қашағандағы газ өңдеу зауытының және «Мақат–Солтүстік Кавказ» магистральды газ құбырының құрылысы, сондай-ақ, «Бейнеу–Жаңаөзен» магистральды газ құбырын жаңғырту жұмысы.

Тағы бір маңызды мәселе бар.

Біріккен Ұлттар Ұйымы алдағы он жылдың ішінде жаһандық деңгейде су ресурсының тапшылығы болады деп болжам жасап отыр.

2030 жылға қарай су тапшылығының көлемі 40 пайызға жетуі мүмкін.

Сондықтан біз жаңа технологиялар мен цифрландыру арқылы суды үнемдеуге көшуіміз керек.

Су тапшылығын жоюдың басқа жолы жоқ. Бұл – аса маңызды міндет.

Үкімет су пайдалануды реттеу және оны үнемдеу технологиясын енгізу жұмысын ынталандыру үшін нақты шешімдер әзірлеуге тиіс.

Су нұсандарының экожүйесін сақтап, оны үнемді пайдалану үшін аса маңызды 120 каналды қайта жаңғыртуға кірісеміз.

Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарында жаңадан 9 су қоймасы салынады.

Бұл – ауқымды жоба. Бірақ біздің қолымызда қажетті ресурстың бәрі бар.

Атырау және Маңғыстау облыстарының аудандарын ауызсумен қамтамасыз ету үшін «Астрахан–Маңғыстау» магистральды су құбыры жаңғыртылады және Кендірлі кентінде су тұщытатын жаңа зауыт салынады.

Жалпы, ондаған жылдар бойы қомақты қаржы бөлінгеніне қарамастан, ауызсу мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ.

Сондықтан Өңірлерді дамытудың ұлттық жобасы аясында бес жыл ішінде халықтың 100 пайызын таза ауызсумен қамтамасыз етуді тапсырамын.

Бұл – Үкіметтің алдында тұрған басты міндет.

Мен тағы бір маңызды мәселеге арнайы тоқталғым келеді. Дүние жүзі өнеркәсіп пен экономиканы экологиялық тазартуға бет бұрды.

Қазір бұл – әншейін сөз емес, салық, баж және техникалық реттеу шаралары сияқты нақты шешімдер. Біз одан тыс қала алмаймыз. Мұндай шешімдер экспорт, инвестиция және технология трансферті арқылы елімізге тікелей әсер етеді.

Шын мәнінде, бұл – Қазақстанның орнықты дамуы мәселесі. Сондықтан мен 2060 жылға қарай көміртегінен арылу міндетін жүктеп отырмын.

Бұл бағытта өте байыппен жұмыс істеу керек. Кен-байтақ еліміздің тұрғындар саны да, экономикасы да өсіп келеді. Өсім сапалы болу үшін қуат көздері қажет.

Көмір дәуірі біртіндеп келмесе кетіп бара жатқан заманда жаңғыртылатын энергияға қоса, біз сенімді базалық қуат көздерін ойластыруға тиіспіз.

Қазақстанда 2030 жылға қарай электр қуатының тапшылығы пайда болады.

Әлемдік тәжірибеге қарасақ, мұның ең оңтайлы шешімі – бейбіт атом. Бұл – күрделі мәселе. Сондықтан қауесетке сеніп, эмоцияға берілмей, оны барынша тиімді шешуіміз керек.

Үкімет пен «Самұрық–Қазына» бір жылдың ішінде Қазақстанда қауіпсіз әрі экологиялық таза атом энергетикасын дамыту мүмкіндігін зерттеуге тиіс.

Бұл мәселеге инженерлік саланы дамыту және атом саласындағы білікті инженер мамандардың жаңа буынын қалыптастыру мүмкіндігі тұрғысынан да қарау қажет.

«Жасыл» сүтегі өндірісі, жалпы сүтегі энергетикасы – болашағы зор бағыттар.

Үкіметке осы мәселе бойынша да ұсыныс әзірлеуді тапсырамын.

V. ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА ТИІМДІ ЭКОЖҮЙЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Пандемия еңбек нарығын едәуір өзгертті. Бұл – ең алдымен, қашықтан жұмыс істеу тәсілінің қарқынды дамуы.

Көптеген жаңа кәсіптер пайда болған, үдерістердің көпшілігі автоматтандырылып, цифрландырылып жатқан қазіргі кезде бұл үрдіс тың серпінге ие болуда.

Осындай жағдайда мамандықты жні өзгерте білу және жаңа кәсіптерді игере алу арқылы ғана әркімнің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ете аламыз.

Сондықтан бізге «Кәсіби біліктіліктер туралы» заң қажет. Бұл құжат біліктілікті тану мәселесін реттеп, жұмысшыларды өзінің қарым-қабілетін жетілдіруге ынталандыруы керек.

Жаппай цифрландыру үдерісі интернет-платформалар негізінде жұмыспен қамтудың жаңа үлгісін алып келді. Такси жүргізушілері, курьерлер және басқалар – осының жарқын мысалы.

Бұл сала әлеуметтік және медициналық сақтандыру, зейнетақымен қамту және салық салу тұрғысынан мемлекеттің қолғабыс етуіне мұқтаж болып отыр.

Біздің еңбек нарығымызға көші-қон үдерісі де зор ықпал етеді.

Қазақстан – еңбек мигранттарын қабылдау жағынан ТМД елдері ішінде екінші орында. Бұл саладағы проблемаларды дұрыс шешуіміз керек.

Үкімет Көші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасын әзірлеуге тиіс. Онда шет елдерде жұмыс істеп жүрген өз азаматтарымыздың құқықтарын қорғау тәсілдері де көрініс тапқаны жөн.

Ел ішіндегі еңбек күшінің ұтқырлығы мәселесіне қатысты да жаңа ұстанымдар қажет.

Үкімет оңтүстіктен солтүстікке көшіп жатқан азаматтарға жәрдемақы бөлудің қолданыстағы тәсілдерін қайта қарауы керек.

Атап айтқанда, оны әкімдіктер арқылы ғана емес, оңтүстік өңірлерден адамдарды өз бетімен жалдайтын жұмыс берушілердің шығынын өтеу арқылы да беруге болады.

Өз бетінше бизнеспен айналысқысы келетіндердің де көшуіне жағдай жасаған жөн. Көшіп келген азаматтарға үй салу ғана емес, ауыл шаруашылығымен айналысу үшін де жер телімдерін беру мүмкіндігін пысықтау керек. Сондай-ақ, оларға мемлекеттік қолдау шаралары қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет.

Тағы бір мәселеге арнайы тоқталғым келеді.

Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан қиын жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты көмек көрсету – басты міндеттердің бірі.

Алайда, қоғамда патерналистік көңіл күй және әлеуметтік масылдық үрдісі белең алу-да.

Ел ішінде әлеуметтік бағдарламаларды әдейі жеке мүддесіне пайдаланатын азаматтар аз емес.

Мұндай адамдар кез келген өркениетті елдегі сияқты заңның және бүкіл қоғамның алдында жауап беруі керек.

Осындай жағдайлар «мемлекеттен ала берсем» деген көзқарас қалыптастырды.

Ал көмекке шынымен мұқтаж жандар, өкінішке қарай, әлеуметтік қолдау шараларынан тыс қалып жатыр.

Әрине, біздің еліміздің мүмкіндіктері зор, бірақ оның да шегі бар.

Ең бастысы, әлеуметтік жеңілдікке ие болсам деген орынсыз пиғыл адамды өз еңбегімен табыс табу қабілетінен айырады.

Мұндай жағымсыз өмір салты ұрпақ тәрбиесіне қазірдің өзінде кері әсер ете бастады.

Сондықтан бізге түбегейлі өзгеріс керек.

Заң да, қоғам да, адамдардың сана-сезімі де өзгеруге тиіс.

Дайындалып жатқан Әлеуметтік кодексте осындай мәселелерге барынша назар аудару керек.

VI. САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Саяси жаңғыруды біртіндеп жүзеге асыру – мемлекетіміздің стратегиялық бағдарының басым міндетінің бірі.

Соңғы екі жылда біз бұл салада бірқатар елеулі өзгеріс жасай алдық. Митинг өткізу

үшін алдын ала ескерту қағидаты жазылған жаңа заң қабылданды, партиялардың Мәжіліске өту шегі 5 пайызға дейін төмендеді, сайлау бюллетеньдеріне «бәріне қарсымын» деген баған қосылды.

Осы және басқа да қадамдар қоғамда белсенді қолдау тапты.

Бұл бастамалар орнықты демократиялық даму бағдарымызды нығайтып, саяси жүйемізді сапалық тұрғыдан өзгертеді.

Сонымен бірге, азаматтарымызды мемлекет басқару ісіне барынша тартуға оң ықпал етеді.

Бірақ мұнымен шектелуге болмайды.

Біздің мақсатымыз – мемлекеттің тиімділігін, саяси үдерістің ашықтығы мен бәсекелестігін одан әрі арттыру.

Сондықтан саяси реформалар жалғасады. Мемлекеттілігімізді нығайта түсу үшін барлық өзгерісті еліміздің өзіне тән ерекшелігін ескере отырып, біртіндеп жүзеге асырамыз.

Бұл – мықты, әділ әрі озық мемлекет құрудың бірден-бір дұрыс жолы.

Азаматтарымыз бұл ұстанымды қолдап отыр.

Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын енгізу аса маңызды қадам болды.

Бұл – менің былтырғы Жолдауымда айтылған саяси реформаның негізгі мәселесі. Осы шешім ауыл халқының, яғни қазақстандықтардың 40 пайыздан астамының мүддесіне тікелей ықпал етеді.

Біз дұрыс жолдамыз. 2024 жылы азаматтар пилоттық режимде аудан әкімдерін сайлау мүмкіндігіне ие болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін одан әрі жаңғыртудың маңызды факторы – азаматтық мәдениетті дамыту.

Президент Әкімшілігі облыс әкімдіктерімен бірлесіп, ауылдық жерлердегі азаматтық бастамаларды қолдаудың тиімді тәсілдерін әзірлеуі керек.

Гранттық қаржыландыру жүйесін ауылдағы үкіметтік емес ұйымдардың сұранысына қарай бейімдеп, оны алудың жеңілдетілген режимін енгізу қажет.

Бұл ауылдық жердегі әлеуметтік белсенділікке тың серпін береді.

Сайлау тізіміндегі әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота туралы норманың енгізілуі партияларды барынша белсенді жұмыс істеуге, жаңа адамдар іздеп, өз қатарын жасартуға жетеледі.

Дегенмен, халық қалаулыларының түпкілікті құрамы жасақталғанда бұл квота сақталған жоқ.

Сондықтан оның толыққанды әсері болуы үшін депутат мандатын бөлу кезінде осы квотаны міндетті түрде ескеру туралы норманы заң жүзінде бекіту керек.

Біз инклюзивті қоғам құрып жатырмыз. Ерекше қажеттілігі бар тұлғалар әзірге еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде көп емес.

Квота бөлінетін азаматтар санатының тізімін кеңейтуді ұсынамын. Онда жастар мен әйелдерден бөлек, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға да квота белгілеу керек.

Мен адам құқығын қорғау саласын әрдайым жеке дара бөліп қарайтынды білесіздер. Біз соңғы екі жылда бұл бағытта едәуір ілгері бастық.

Биыл қаңтар айында мен Өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы Екінші Факультативтік Хаттаманы ратификациялау туралы заңға қол қойдым.

Енді Қылмыстық кодекстің нормаларын Екінші Факультативтік Хаттаманың ережелерімен үйлестіруіміз керек.

Тиісті заң жылдың соңына дейін қабылданады деп сенемін.

Осы жаздың басында менің Жарлығыма сәйкес Үкімет Адам құқығын қорғау жөніндегі кешенді жоспарды бекітті.

Осы маңызды құжат Қазақстанда адам құқығын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру үшін ұзақ мерзімді институттық негіз қалыптастырады.

Атап айтқанда, кешенді жоспар қабылданғаннан кейін гендерлік теңдікті қамтамасыз ету үшін белсенді жұмыс басталды. Осыған орай әйелдердің қоғамдағы экономикалық және саяси ұстанымын барынша қолдауды қамтамасыз еткен жөн. Бұл жұмысқа Президент Әкімшілігі жауапты.

Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасына да өзгерістер енгізген жөн.

Құқық қорғау жүйесінде елеулі өзгерістер басталды.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап әкімшілік әділет жүйесі жұмыс істей бастады. Бұл институт мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастырады.

Сот қызметінің заманауи үлгісі енгізіліп, артық сот үдерістері қысқартылуда.

Заңнамадағы барлық қайшылықтар мен көмескіліктер азаматтар мен бизнестің мүддесіне орай түсіндірілетіні заң жүзінде қамтамасыз етілді.

(Жалғасы 6-бетте).



ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

(Басы 3-4-5-беттерде)

Үш буынды модель енгізілгеннен кейін қылмыстық процеске қатысушыларды қорғау күшейді. Осы жылдың басынан бері екі мыңнан астам азаматты қылмыстық жауапқа негізсіз тартуға жол берілген жоқ.

Прокурорлық қадағалаудың жеделдігі артты. Негізсіз шешімдердің 98 пайызы үш тәуліктің ішінде күшін жойды. Прокурорлардың айыптау актілерін дайындау жөніндегі құзыретін біртіндеп кеңейте беру қажет. Бұл қадам олардың жауапкершілігін арттырып, тергеу нәтижелеріне құқықтық баға беру тетіктерін нығайтады.

Ішкі істер органдары осы салаға тән емес бірқатар функциялар арылды. Учаскелік инспекторлардың мәртебесі артты. Олар құқықбұзушылықтардың алдын алу саласында қосымша өкілеттікке ие болды.

Бірнеше өңірде полицияның сервистік моделі пилоттық режімде жұмыс істей бастады. Келесі кезең – оның ауқымын кеңейту. Бұл жұмыстың табысты болуы көбіне жергілікті билік органдарының осы үдеріске қатысуына байланысты болады. Олар жаңа өзгерістердің мән-маңызын түсініп, полицияға қолғабыс етуге тиіс.

Сонымен қатар, қылмыспен күресудің практикалық мәселелерін назардан тыс қалдырмау керек.

Алаяқтықтың көбеюіне байланысты азаматтардың наразылық білдіруі орынды. Бас прокуратура алаяқтыққа және қаржы пирамидаларына қарсы кешенді шаралар әзірлейтін болады.

Балаларға, соның ішінде ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қарсы жыныстық қылмыстардың алдын алу және оның жолын кесу ерекше бақылауда болуға тиіс.

Өскемен ұрпақтың болашағына қауіп төндіретін тағы бір қатер – есірткі заттарының, соның ішінде синтетикалық есірткінің де таралуы. Құқық қорғау органдарына бұл қатердің азаматтар арасында, әсіресе жастардың ішінде таралуына барынша тосқауыл қоюды тапсырамын.

Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресті жалғастыру қажет. Құзырлы агенттік жыл соңына дейін орта мерзімді кезеңдегі іс-қимылымыздың бағдарламасын айқындайтын стратегиялық құжатты бекітуге ұсынуы керек.

Бұл ретте «тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты» жоюға айрықша назар аударған жөн.

Азаматтардың құқығын қорғағанда құқық қорғаушылардың, соның ішінде адвокаттардың құқығы туралы ұмытпаған жөн.

Олардың қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жұмысына кедергі келтіретін заңсыз әрекеттердің жолын кесу қажет.

Жоғарыда аталған шаралардың бәрі саяси жүйені және адам құқығын қорғау ісін жетілдіруге бағытталған стратегиялық бағдарымыздың құрамдас бөлігі саналады.

VII. ҰЛТТЫҢ ҰЙЫСУЫ – ОДАН ӘРІ ДАМУДЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

Қазір Қазақстан мүлде жаңа дәуірге қадам басты.

Соған сәйкес қоғамдық өмірдің барлық саласы түбегейлі өзгеруде.

Жаһанды тұрақсыздық жайлап, көптеген жаңа сын-қатер пайда болып жатқан кезде біз бағдарымызды бекемдеп, болашаққа көзқарасымызды айқындай түсугіміз қажет.

«Бірлігіміз – әралуандықта» деген басты қағидамыз ешқашан өзгермейді.

Сондықтан этносаралық қатынастардың үйлесімді дамуы Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағытының бірі болған, әрдайым солай болып қала береді.

Бұл – бекерге айтылған сөз емес. Мұндай ұстанымды қазақстандықтардың басым көпшілігі қолдайды.

Біздің азаматтарымыз үшін келісім мен толеранттылық – мәдениеттер мен тілдерді өзара тоғыстыратын өмірдің шынайы көрінісі, нақты болмысы.

Біз – Конституцияда айтылғандай, біртұтас халықпыз. Біздің нағыз күшіміз – осында. Біз пікір алуандығын қолдай отырып, радикализмнің кез келген көрінісінің жолын кесеміз, мемлекеттік егемендігімізге, аумақтық тұтастығымызға қол сұғуға жол бермейміз.

Қоғамдағы бірлік пен келісімді көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Этносаралық және конфессияаралық қатынастың қаншалықты маңызды екенін барлық азаматымыз түсінуі қажет.

Біз қашанда алауыздыққа қарсы тұра білген еліміз.

Адамды тіліне, ұлтына, нәсіліне қарап

кемсітуге, біреудің намысына тиюге жол бермейміз, заң бойынша жауапқа тартамыз.

Конституцияға қайшы мұндай жауапсыз қадамдар еліміздің негізгі мүдделеріне зиян келтіреді.

Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясатын басым бағытының бірі болып қала береді. Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар.

Қазақ тілі, шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналууда.

Жалпы, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді.

Бұл – заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі.

Сондықтан қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр деуге негіз жоқ.

Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі.

Орыс тілі ресми тіл мәртебесіне ие. Біздің заңнамаға сәйкес, оның қолданылуын шектеуге болмайды.

Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс.

Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады.

Жастарымыз өзге тілдерді, соның ішінде орыс тілін жетік меңгерсе, бұдан еш ұтылмайды.

Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара – әлемдегі ең ұзын шекара.

Орыс тілі – Біріккен Ұлттар Ұйымындағы ресми алты тілдің бірі.

Сондықтан бұл мәселеге парасаттылықпен қарауымыз қажет.

Еліміз өркениетті диалог пен өзара сыйластық мәдениетін дәріптеуі керек.

Қазақстан халқы Ассамблеясының бұл саладағы рөлі айрықша.

Біз Отанымыз және барлық азаматымыз үшін жауапкершілікті сезінуіміз қажет.

Қоғамды ұйыстыру, ұлттық бірегейлікті нығайту ісінде еліміздің тарихи мұрасын және мәдени әлеуетін тиімді пайдалануға баса мән беріледі.

Бұл орайда Қазақстанның мүмкіндіктері зор, соның ішінде өзін халықаралық аренада тиімді таныта алады.

Дегенмен, бұл мәселеге қатысты саясатымызды қайта қарау қажет. Қазір мемлекет бюджет қаржысын оңды-солды иелене беретін белгілі бір қайраткерлердің ғана жобаларын қаржыландырып отыр. Бұл, әрине, түсініксіз жағдай.

Жас әрі дарынды мүсіншілер, суретшілер, театр қызметкерлері, музыканттар, қаламгерлер жана жанр түрлерін игеріп, ұдайы ізденіс үстінде жүреді. Сөйте тұра, олар елеусіз қалып, менсінаттардың көмегімен ғана күн көреді. Шын мәнінде, Қазақстан мәдениеті сол жас дарындардың арқасында жаһандық деңгейде танылып жүрген жоқ па?!

Сондықтан Үкімет сарапшылармен бірлесіп, жыл соңына дейін жаңа мәдениетті және оның дарынды өкілдерін дәріптеуге бағытталған нақты шаралар жоспарын ұсынуға тиіс.

Креативті индустрияны қолдау қорын құру мүмкіндігін қарастырған жөн.

Халқымыз үшін зиялы қауымның орны қашан да ерекше.

Ұлт тағдыры сынға түскен сәтте көзі ашық азаматтар әрдайым көш бастаған.

Адасқанға жөн сілтеп, жастарға бағыт-бағдар берген. Ел ағалары бір ауыз сөзбен тентегін тыйып, тектісін төрге оздырған.

Біз қанымызға сіңген осы қасиеттен айырылмауымыз керек.

Қазір – ғаламтор дәуірі. Ондағы бей-берекет ақпарат тасқыны ұрпақтың санасын улап жатыр.

Бір сәттік танымалдықты көксейтін тамырсыз идеялар жаппай белең алуда.

Бұл – аса қатерлі үрдіс.

Дәл осы кезеңде ұлт зиялыларының ұстанымы және белсенділігі айрықша маңызды.

Зиялылардың еңбегі марапатымен емес, саликалы сөзімен және нақты ісімен бағаланады.

Басты міндет – жалпы адамзатқа ортақ қастерлі құндылықтарды жастардың бойына сіңіру.

Отаншылдық, білімге құштарлық пен еңбекқорлық, бірлік пен жауапкершілік сияқты қасиеттер дәріптелуі керек.

Сондықтан зиялы қауымды ел болашағына әсер ететін әрбір мәселеден шет қалмауға шақырамын.

Диалог пен азаматтық қатысу дәстүрін дамыту, ынтымақтастығымыз бен бірлігімізге негіз болатын озық құндылықтарды дәріптеу біз үшін маңызды.

Біз бірге болсақ қана, теңдессіз елдік бірегейлігімізді нығайта аламыз.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев талай рет атап өткендей, этносаралық және конфессияаралық татулық – біздің баға жетпес байлығымыз.

Мемлекетіміздің болашағы үшін біз ішкі тұрақтылық пен жалпыұлттық бірлігімізді сақтап, нығайтуға міндеттіміз.

Құрметті отандастар!

Біздің жакын арадағы негізгі басымдықтарымыз – осындай.

Қазақстанның басты байлығы – Еліміздің азаматтары.

Сіздердің амандықтарыңыз – менің Президент қызметіндегі ең басты мақсатым әрі тілегім.

Сондықтан менің келесі бастамаларым, ең алдымен, халқымыздың әл-ауқатын арттыруға арналады.

БІРІНШІ БАСТАМА

Ең төменгі жалақы деңгейін қайта қарайтын кез келді деп санаймын.

Бұл – бір жағынан, аса маңызды макроиндикатор болса, екінші жағынан – әркімге түсінікті көрсеткіш.

Бізде ең төменгі жалақы мөлшері 2018 жылдан бері өскен жоқ.

Коронавирусқа байланысты әлемдік дағдарыс тұрғындардың табысына кері әсер етті. Оның үстіне, Қазақстан ең төменгі жалақы деңгейі бойынша ТМД-ның бірқатар елдерінен артта қалып қойды.

Сондықтан 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақыны қазіргі 42,5 мың теңгеден 60 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылданды.

Бұл шара бір миллионнан астам адамға тікелей, ал бүкіл еңбеккерлерге жанама әсер етеді.

Сонымен бірге, көлемі бүгінде жария етіліп жүрген жалақының 30, тіпті кейде 40 пайызына дейін жететін «көлеңкелі» еңбек-ақы қорын азайтады.

Ең төменгі жалақы мөлшерін көбейту ішкі тұтынуды өсіріп, экономикаға оң әсер етеді. Сарапшылардың бағалауы бойынша, бұл Ішкі жалпы өнімді 1,5 пайызға арттырады.

Бұдан былай ең төменгі жалақыны салықтық, әлеуметтік және басқа да салаларда есептік көрсеткіш ретінде орынсыз пайдалануды қою керек.

Үкімет пен Парламенттен жыл соңына дейін қажетті өзгерістерді заңнамаға енгізіп, оның келесі жылы қаңтар айында күшіне енуін қамтамасыз етуді сұраймын.

ЕКІНШІ БАСТАМА

Қазақстанда 6,5 миллионнан астам адам жалданып жұмыс істейді. Мұны өздеріңіз жақсы білесіздер. Олардың негізгі табыс көзі – жалақы.

Бұл ретте еңбекақы төлеу қорының өсімі соңғы 10 жылда кәсіпорын иелері табысының өсімінен 60 пайызға жуық қалып қойды. Осыған байланысты Үкімет бизнесті өз жұмысшыларының жалақысын көбейтуге ынтылан-дыратын «ұтымды» шаралар әзірлейді.

Қызметкерлерінің еңбекақысын көбейткен жұмыс берушілерге реттелмелі сатып алу жүйесі аясында жеңілдіктер беріледі. Сондай-ақ, оларға мемлекет тарапынан белсенді қолдау көрсетілетін болады.

ҮШІНШІ БАСТАМА

Еңбекақы төлеу қорына түсетін салмақтың өзі барынша түсінікті әрі қарапайым болуы қажет.

Бұл, әсіресе, микро және шағын кәсіпкерлік саласында қатты сезіледі.

Мұндай бизнес үшін жиынтық салмақты 34 пайыздан 25 пайызға төмендеті отырып, еңбекақы төлеу қорынан бірыңғай төлем енгізуді ұсынамын.

Бұл шара бизнесті мындаған қызметкерін «көлеңкеден шығаруға» ынтыландырады. Сонда олар зейнетақы жүйесінің, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйесінің толық қатысушысына айналады.

Бұл мәселеде науқаншылдыққа жол беруге болмайды. Бизнестің жұмысында ірікілістер мен шығындар болмауы үшін тиісті төлем жүйесін даярлау қажет. Жаңа жүйе 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастауы тиіс.

ТӨРІНШІ БАСТАМА

2020 жылдан бастап 600 мыңнан астам педагог пен дәрігердің, әлеуметтік сала қызметкерінің жалақысы өсті.

Бірақ бюджеттен қаржыланатын өзге сала азаматтары бұдан тыс қалды.

Бұлар – мәдениет қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорықшылар, көлік жүргізушілер және басқалар.

Сондықтан 2022 жылдан 2025 жылға дейін мемлекет осы санаттағы азаматтық қызметкерлердің жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіретін болады.

Тұтастай алғанда, тағы 600 мың отандасымыз бұл бастаманың игілігін көреді.

БЕСІНШІ БАСТАМА

Тұрғын үй азаматтарымыз үшін – қашан да басты мәселе.

«Баспана хит» және «7-20-25» сияқты тұрғын үй бағдарламаларының мерзімі таяу арада аяқталады.

Сонымен қатар, нарықтық ипотека ставкасы әлі де жоғары және жұрттың бәріне бірдей қолжетімді емес.

Осыған орай, бірыңғай тұрғын үй бағдарламасы әзірленетін болады.

Ұлттық даму институтына айналатын «Отбасы банкі» оның әкімшісі болып белгіленеді.

Банк алдында «бір терезе қағидаты» бойынша есеп жүргізіп, азаматтарға тұрғын үй бөлу міндеті тұр.

Мен бұған дейін зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын пайдалану туралы бастаманың оң әсері туралы айттым.

Сондай-ақ, бұл қадам адамдардың жұмыс берушілерден еңбекақыны ашық төлеуді талап етуіне жол ашты.

Осы үрдісті қолдау үшін зейнетақы жинағының жеткілікті мөлшерінің шегінен асатын бөлігін тұрғын-үй сатып алу мақсатында «Отбасы банкіндегі» есепшотқа аударуға рұқсат беру қажет деп санаймын.

Сонымен қатар, бұл қадам жұрттың қаражат жинауды және оны сауатты жұмсауды дағдыға айналдыруына мүмкіндік береді.

Құрметті депутаттар!

Жетінші шақырылымдағы Парламент өзінің бірінші сессиясында 63 заң қабылдады. Қос палата бірлесіп, елімізде жүйелі өзгерістер мен реформалар жасауға қажетті заңнамалық негіз қалыптастырды.

Бүгін Парламенттің кезекті сессиясы бас-талмақ.

Алдымызда көптеген маңызды міндет тұр.

Әрбір заң жобасының қыр-сырына терең үңіліп, оны сапалы дайындау керек.

Сіздер халықтың мүддесін қорғау үшін әрдайым табандылық танытуға тиіссіздер.

Әрбір шешім елдің сұранысын да, мемлекеттің мүмкіндігін де ескере отырып қабылдануы қажет.

Осы жауапты жұмыста сіздерге сәттілік тілеймін!

Қымбатты отандастар!

Біздің бағытымыз – белгілі, мақсатымыз – айқын.

Ең бастысы, сол мақсатқа жету үшін не істеу қажеттігін жақсы білеміз.

Нақты жоспар жасап, соны жүзеге асырып жатырмыз.

Біз қолға алған игі бастаманың бәрін соңына дейін жеткіземіз.

Кез келген кедергіні еңсеріп, қиындықты жеңуге дайынбыз.

Мен Мемлекет басшысы ретінде халық үшін барлық күш-жігерімді жұмсай беремін. Мемлекеттік қызметкерлер және бүкіл қоғам біртұтас ел ретінде алдымызда тұрған міндеттерді орындау үшін жұмылуға тиіс.

Әйтпесе, ертең кеш қалуымыз мүмкін. Себебі, дүние жүзіндегі ахуал құбылмалы әрі түрлі сын-қатерлерге толы.

Меніңше, Мемлекет басшысының бағдарына күмән келтіретіндер, жұмыс істеу қолынан келмейтіндер, ебін тауып орнында отыра беруді қалайтындар, Президенттің тапсырмаларын орындаудан жалтаратындар қызметтен кетуге тиіс.

Қазір Біз ел дамуының шешуші кезеңіне қадам бастық.

Мемлекеттік аппарат біртұтас құрылым ретінде жұмыс істеуге міндетті. Солай болған жағдайда ғана біз көздеген мақсаттарымызға қол жеткіземіз.

Мықты мемлекет болу үшін ұлттың ұйыса білуі айрықша маңызды.

Шын мәнінде, ұйымдасқан ұтады.

«Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» деп халқымыз бекер айтпаған.

Біздің күш-қуатымыз – берекелі бірлікте! Ендеше, бірлігімізді бекемдеп, ел үшін еңбек етейік!

Қасиетті Отанымыз мәңгі жасай берсін!



Нұрлан ОРАЗАЛИН, ақын,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері:



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауы аса бір тарихи қиын, күрделі кезеңде, халықаралық қарым-қатынас, экономикалық тіршіліктің ақсап тұрған тұсында және ішкі саяси тұтастығымызға ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық проблемалардың орын алған кезеңінде жолданып отыр. Бұл Жолдауында Қасым-Жомарт Кемелұлы, ең әуелі, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына мән берді. Президентіміз екінші – азық-түлік бағасының тұрақсыздығына ерекше тоқталды. Қазіргі таңда әр жерде әртүрлі бағамен сатылып жатқан азық-түлікке жол бермеу керектігі айтылды. Үшінші менің көкейіме қонған нәрсе – халқымыздың 40 пайызынан астамы ауылда тұрады ғой. Бүгінде жерді шетелдіктерге сатуға және жалға беруге тыйым салынғаны белгілі. Ал енді ауылды жетілдіру үшін

Елдің тұрмыс жағдайына ерекше көңіл бөлінді

жерді игеру мәселесіне қатты назар аударылды. Мемлекет басшысы жайылымдық жерлерді орынсыз пайдаланатындар шаруа қожалықтарының өсіп-өнуіне мүмкіндік бермей отыр дегенді ашып айтты. Бұл бұрын айтыла қоймаған ащы ақиқат.

Тағы бір айта кететін мәселе – қаншама рынокқа тәуелді елміз дегенмен, бізге рынокты монополизациялау, белгілі бір мүдделі топтардың, солардың ғана жетегінде кету – ол халықтың тұрмысының жақсаруына, еркін дамуына мүмкіндік бермейді.

Сондай-ақ, Жолдауда оқу-ағарту ісіне байланысты бірсыпыра ашық әңгімелер айтылды. Соның ішінде менің көкейіме қонғаны, мына ғылымды дамыту, грант мерзімін 5 жылға көшіруі мен гранттың орындалуын тексеріп отыруы. Бұл айналып келгенде, елдің ішкі дамуын қамтамасыз ететін критерий деп есептеймін. Мұғалімдерге быыл да жақсы мән беріліп жатыр. Әрине, балалардың сауатты, білімді болуы маңызды, ол біздің болашағымыз. Алайда, бюджеттен қамтамасыз етіліп отырған басқа да мамандар бар. Мәдениет

немесе спорт болсын, алдағы 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап осының бәрінің жалақысын өсіреді және арғы жылдарда да 20 пайыздан қосып отыруды жалғастырмақ. Осылайша елдің тұрмыстық жағдайын көтереді.

Жолдау барысында Республикадағы ең төменгі жалақы көлемін 42 500 теңгеден 63 000 теңгеге дейін көтеру туралы тапсырма берілді. Одан кейін, тұрғын үй мәселесі сынды тақырыптарды қамту елдің экономикалық, әлеуметтік жағдайын ретке келтірудің нақты ұсыныстары болып тұр. Оның үстіне, Орта Азияның тағдыры геосаяси тұрған орнына байланысты қауіп төндіруге қолайлы десек болады. Ауғанстанда болып жатқан жағдай бұл өте үлкен мәселе. Осы жағдайда саяси қырағылық танытып, Президентіміз әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды реттеуді тиісті үкімет органдарына нақтылап берді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы екпе алуға қарсы үгіттеп жүргендердің жетегінде кетпегеніміз жөн дейді. Елді адастырмау керек. Екпе алуға қарсы адамдар өздерінің ғана емес, өзгелердің өмірі үшін жауапты екенін түсінгені абзал.

Долкунтай АБДУХАЛИЛ,
«Қазақстан ұйғырлар ассоциациясы»
Алматы қалалық филиалы төрағасының орынбасары:



Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауын тыңдап, ондағы айтылған жаңалықтарға қуанып отырған жайымыз бар. Әсіресе, Мемлекет басшысының білім туралы айтқандарына риза болдым. Дәл кешегі Білім күні Қасым-Жомарт Тоқаев білім-ғылым саласы туралы біраз жақсы дүниелер айтты. Балаларымыздың соңғы бір жарым жыл бойы қашықтан оқып, қарайып

Ұлтаралық татулық үнемі Президент назарында

қалғаны өтірік емес. Балалар – біздің болашағымыз ғой, сондықтан білімді ұрпақ тәрбиелеуге бәріміз мүдделі болуымыз керек. Өткен жылдары Президентіміздің тапсырмасымен мұғалімдердің жалақысы әжептәуір көбейген еді. Енді ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына кезекті Жолдауында ғылымға қолдау көрсету туралы тапсырмалар берді.

Биылғы Жолдауында Президент еліміздің экономикасына, халықтың әл-ауқатына, жалпы елдегі әлеуметтік мәселелердің барлығына жеке-жеке тоқталды. Біз қазір жер әлемді індет жайлаған қиын кезеңдерді бастан кешірудеміз. Президент пандемияны жеңудің жалғыз жолы – вакцина

екенін атап өтті. Бұл сөзіне толық қосыламын. Екпе туралы жағымсыз пікірлер айтып жүрген антиваксерлерге сенбегеніміз абзал.

Қазақстандағы ұлтаралық татулық мәселесі ешқашан Президенттің назарынан тыс қалған емес. Біздің көпұлтты мемлекетіміздегі ең маңызды нәрсе – бірлік пен ынтымақ. Өз басым ортақ Отанымызда көп ұлттың өкілдері бір атаның баласындай тату өмір сүріп жатқанына қуанамын.

Тағы бір қуанарлық жағдай, келер жылы елімізде ең төменгі жалақы 42 500 теңгеден 63 мың теңгеге артатын болды. Елімізде ең аз жалақы көлемі 2018 жылдан бері өзгермеген еді. Жалақының көбеюі ел экономикасына оң әсерін тигізеді анық.

Қазыбек ШАЙХ,
«ҚР Ұлттық кооперативтер және экономикалық қоғамдастықтардың басқа да нысандары қауымдастығы»
ЗТБ президенті:



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің кезекті Жолдауында талайдың көкейін мазалап жүрген сұрақтарға жауап берді. Ол өз сөзінде елдің алдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары туралы тарқатып айтты. Әр отбасының материалдық жағдайы ел экономикасына әсер

Әрбір бастаманы қолдаймын

ететіндіктен, халықтың әлеуметтік жағдайын бірінші орынға қойып отыр. Осы орайда әртүрлі әлеуметтік көмектердің қарастырылуы, мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын көтеруі, жұмыспен қамтамасыз ету шаралары, тұрғын үй мәселесі сияқты бірқатар жұмыстар назарға алынды. 2022 жылдың қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеретінін айтты. Соның ішінде мәдениет, мұрағат, қорықшылар, көлік жүргізушілер мен техникалық және осы санаттағы маман иелерінің жалақысы 20%-ға артатыны өте орынды.

Сонымен қатар, Президентіміз барлық мақсатқа тек ұлтаралық достық пен біртұтастық арқылы ғана жете алатындығын тілге тиек етті. Қазіргі қоғамда мемлекеттік тұтастық пен саяси тұрақтылық өте өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан бәріміз «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» болашаққа беттеуіміз керек. Президентіміздің кезекті Жолдауындағы әрбір бастаманы қолдаймын. Эпидемиалық күрделілігіне қарамастан, әлеуметтік-экономикалық дамуды басты назарға қоюы – көрегенділіктің белгісі.

Александр ДЕДЕРЕП,
«Возрождение» немістер ассоциациясының төрағасы:

Әлеумет пен экономикаға басымдық берді



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті Жолдауы анық байқалатын әлеуметтік-экономикалық бағыттың басымдылығымен ерекшеленеді.

Мені Президенттің қазіргі уақытта біздің елде сын көтермейтін жағдайдағы инфляцияға үкіметтің бей-жай қарауын сынға алғаны қатты таңқалдырды. Билік басындағылар осы мәселені шешуде бүкіл әлемге ортақ «тренд», «тенденция» деп, қолда бар тетіктерді, реттеу құралдарын пайдаланбай отырғаны белгілі. Менің жеке ойым, айтылған сын халықтың кірісін сақтап қалу мен өмір сапасын жақсартуға бағытталған сияқты.

Әрине, қоғамды демократия-

ландыруға, саяси партиялар үшін шекті 5%-ға дейін төмендетуге, митингілерді өткізуді ынталандыруға бағытталған шаралар азаматтық тұрғыдан бізді қуантпай қоймайды.

2018 жылдан бері көтерілмеген ең төменгі жалақы мөлшерін көтеруге байланысты өте маңызды бастаманы айтпай кетуге болмайды. 2022 жылдың қаңтарынан бастап ең төменгі жалақыны көбейту жоспарланып отыр. Бұл мөлшер халықтың басқа кірістеріне жанама әсер етеді. Одан бөлек, Президент бай адамдар мен жалдамалы жұмысшылардың (халықтың 60%-ы) кірістерінің үлкен алшақтығы туралы атап өтті. Ол сондай-ақ, жұмыс берушілердің өз қызметкерлерінің жалақысын арттыру қажеттігіне назар аударды.

Сондай-ақ, аса атап өтетін мәселе – орыс тілінің қоғамда қолданылуына кедергі жасамау. Президент қазақстандықтарды біртұтас ұлт болуға және бейбітшілік пен этносаралық келісімді сақтауға шақырды. Себебі, ел тыныштығын қамтамасыз ету – Президенттің стратегиялық және тұжырымдамалық басты міндеті.

Рахман АЛШАНОВ,
Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы:

Өзекті мәселелер көтерілді



Биылғы Жолдау ерекше өтті. Бүгінгі Президенттің айтқандарының бәрі өте орынды деп есептеймін. Көптеген өзекті мәселелер көтерілді. Үлкен сараптама жасалынды. Енді осыған байланысты білек сыбана отырып нақты жұмыс істеуіміз қажет. Мемлекет басшысы бюджетті үнемдеуге, оң көзбен қарауға, қаражатты тиімді пайдалануға шақырды. Инфляциямен күресу де назардан тыс қалған жоқ. Шынында да, Президент өте өзекті мәселені көтерді. Себебі, қазір қа-

рап тұрсаңыз, елімізде баға шарықтап барады. Өнімдер бағасы бау-бақшадан базарға жетем дегенше бірнеше есе өсіп кетеді. Басқасын айтпағанда, «Көк базар» мен «Алтын ордадан-ақ» осыны аңғаруға болады. Сондықтан бағаға нақты қадағалау жүргізу қажет. Сонымен бірге, Президент жем-шөп дайындауға қажетті жер көлемін кеңейтуді, егіс алқабына әр жылы әртүрлі дақыл егу талабын сақтау үшін тиісті бақылауды күшейтуді тапсырды. Біз мұны қолдауымыз керек.

Онымен қоса, жерасты байлықтары таусылып жатыр. Бұл ретте Мемлекет басшысы экономиканы жандандыру, жаңа кәсіпорындар ашып, жаңа бағыттарды игеру туралы айтты. Сондай-ақ, әлеуметтік саясат, білім, су тапшылығы мәселесіне де көп көңіл бөлінетінін жеткізді. Сондықтан бұл Жолдаудың маңызы ерекше болып тұр. Енді осыны жүзеге асыруға білек сыбана кірісуіміз қажет.

Қасымхан БЕГМАНОВ,
ақын, ҚР еңбек сіңірген қайраткері

Жолдаудың астын сызып тұрып оқу керек



Кешегі Жамбыл облысындағы қасірет, елдегі пандемия, оның үстіне, биыл «Әліппені» қайтарып жатырмыз, ел ішінде қым-қиғаш осындай оқиғалар өтуде. Сондықтан бұл Жолдау дер кезінде жолданған Жолдау деп санаймын. Себебі, халықтың санасындағы

көптеген сұрақтарға ашық жауап бере алды. Президенттің бүгінгі Жолдауын халық күтті. Жолдауды толықтай қолдаймын. Халықтың тағдырына бей-жай қарай алмайтындықтан, Президенттің әр ісін, Жолдауларын жіті бақылап отырамын. Ең бастысы, Мемлекет басшысының «мен әрбір айтқан сөзіме жауап беремін және ол орындалатын болады» деп ашық айтқаны ұнады, әрі көңілім сәл болса да көтеріліп қалды.

Халықтың көкейіндегі түрлі сұраққа әр министрлік сала-сала бойынша жауап беру керек. Өз ана тілімізде, кешегі Абай мен Мұхтардың тілінде түсіндіру керек. Бүгінгі Жолдауды әлі де астын сызып тұрып оқимыз, талдаймыз. Егер сұрақ туындап жатса, әлеуметтік желіде жазамыз.



АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ

«Мектеп – кеме, білім – теңіз»

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мегполисте жаңа оқу жылында 30 мыңнан астам бала алғаш рет мектеп табалдырығын аттады.

Бүгінде 2–11-сынып оқушылары кітапхана қорынан оқулықтармен 100% қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, оқулықтарды жеткізу аяқталды. Оның ішінде 1-сыныптарға арналған «Әліппе» мен «Букварь» бар. Сондай-ақ, 23 мыңнан астам бала тегін тамақпен қамтамасыз етілмек. Балаларға қауіпсіз эпидемиологиялық ортаны қамтамасыз ету үшін медициналық қарсы көрсетілімдері барларды қоспағанда, мемлекеттік қызметкерлердің 34 мыңнан астамы және жеке білім беру ұйымдарының 11 мың қызметкері 100% вакцина алды. Барлық ұйым толу нормасы 25 оқушы болуға тиіс, дезинфекциялау шараларын және үй-жайларды өңдеуді сақтайды.

Айта кетерлігі, Білім күніне арналған «Алғашқы қоңырау» салтанатына биыл тек 1-сынып оқушылары қатысты.

МЕЙІМ

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Жұманов онлайн-брифинг кезінде әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы, ата-ана қамқорлығынан тыс қалған балалардың мектепке дайындығы үшін қалалық бюджеттен 800 млн. теңгеден астам қаржы бөлінгенін айтты.

Әлеуметтік қорғалмаған отбасыларға қолдау Жалпы білім беру қорының қаржысы есебінен көрсетіліп отыр.

– Дәстүрге айналған «Мектепке жол» акциясы арқылы әлеуметтік қорғалмаған және аз қамтылған отбасы балаларына

көмектесіп, балалардың әлеуметтік себептермен мектепке бармай қалуына жол бермеуіміз керек. Біздің елімізде барлық бала тең құқылы. Сондықтан олар ең алдымен білім алу керек, – деді Қайрат Жұманов.

Эпидемиологиялық жағдайдың сақталуына байланысты www.atamekenim.kz платформасы арқылы дәстүрлі «Мектепке жол» акциясы жыл бойы жалғаса береді. Әлеуметтік көмекке мұқтаж ата-аналар өздерінің өтініштерін қалдыра алады. Дәл осы араға көмек көрсеткісі келетін демеушілер мен меценаттар өз өтініштерін бере алады. Бұл платформа тұрақты түрде жұмыс істейді.

Сонымен қатар, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдаудың үйреншікті әдістері енгізілуде. Мысалы, көмекке мұқтаж балалардың мәліметтер базасы құрылып, азаматтардың өтініштеріне жедел жауап беру үшін «сенім телефондары» ұйымдастырылды.

– Қазіргі уақытта әлеуметтік қорғалмаған және аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан 23 мыңнан астам балаға 800 миллион теңгеден астам бюджет қаражаты көлемінде көмек көрсетілсе, демеушілер есебінен 9022 оқушыға 123 млн. 399 мың теңге көлемінде көмек көрсетілді, – деді Қайрат Жұманов.

Мәселен, демеушілер есебінен бірінші сыныптың 1297 оқушысына 32 миллион 583 мың теңгеге мектеп формасы, 1 921 110 мың теңгеге рюкзактар мен оқу құралдары 2721 бірінші сынып оқушыларына сатып алынды. 2-ден 11-сыныпқа дейінгі тағы 6278 оқушы 71 миллион 706 мың теңгеге киім мен оқу құралдарын сатып алынды.

«Мектепке жол» акциясына қолдау көрсетіп, көмектескініз келсе, Алматы қаласы Білім басқармасының байланыс телефондарына 271-67-39, 272-11-00, 262-38-13 хабарласуыңызға болады.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР

120 грант бөлінді

Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен қатар, тапсырыстардың нарықтағы қажеттілігі де ескеріліп, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кадрларды даярлау жөніндегі тиісті мәселелер қаралды.

Мәселен, Алматы қаласы әкімшілігінің жергілікті бюджеті есебінен клиникалық мамандықтарды даярлау бойынша 120 грант бөлінсе, оның ішінде мақсатты резидентураға (110 грант) және магистратураға (10 грант) және С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетіне «эпидемиология» мамандығы, Қазақстан–Ресей медициналық университетіне берілді.

Дәл қазір Алматыда 300-ден астам дәрігер тапшы. Осыған орай, мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында республикалық бюджет есебінен клиникалық мамандықтар бойынша резидентурада оқуға тағы да 38 грант бөлінеді.

Ал қалалық әкімшілік ұсынатын 120 грант «Алматы қаласында медицина кадрларының тапшылығын төмендету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы» Жол картасын іске асыру аясында, аса тапшы дәрігерлік мамандықтарды даярлауға негізделген.

Қалалық әкімшіліктің есебі бойынша

Соңы. Басы 1-бетте.



ша алдағы 2-3 жыл ішінде кадрлар тапшылығы толығымен жойылуы тиіс деп жоспарлануда. Осы жиын барысында аталмыш комиссия үміткерлер жок мамандықтар бойынша гранттарды сұранысы жоғары, сондай-ақ «кардиохирургия», «неонатология» мамандықтары бойынша гранттар санын көбейту үшін қайта бөлу туралы шешім қабылдады. Ковидтік және ковидтік емес стационарларға қажет мамандар ескерілді.

Сонымен, комиссияның нақты шешімі бойынша бөлінген гранттар келесі мамандықтар бойынша берілді: анестезиология және реанимация – 35 грант, жұқпалы аурулар – 18, терапия

– 10, пульмонология – 6, кардиология – 2, педиатрия – 9, неонатология – 3, неврология – 3, отоларингология – 6, клиникалық фармакология – 2, гастроэнтерология – 6, офтальмология – 3, эндокринология – 3, балалар хирургиясы – 2, травматология және ортопедия – 2, жедел медициналық көмек – 3, физикалық медицина және оналту – 5, нейрохирургия – 2. Грант иегерлері 2-3 жылдық оқу аяқталғаннан кейін Алматы қаласының мемлекеттік медициналық ұйымдарында және қаланың Қоғамдық денсаулық басқармасына қарасты ұйымдарда тиісті мамандық бойынша 5 жыл жұмыс істеуге міндетті.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Таудай бол!

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы көшелері күнде жарқырап кетті. Өйткені, айнала білімге асыққан студенттерге, оқушыларға толды. Қала – жас ұрпақпен сәнді екен ғой. Алматыдағы барлық жасөспірімдерге да сол жастардың игілігі үшін ғой.

Кешегі күндер бала дегенде шығарда жаны бөлек барлық ата-ананың ұрпағы үшін жүгіріп, оларды жаңа оқу жылына, Білім күніне дайындаумен өтті. Кімнің қандай мүмкіндігі бар, әркім хал-қауынша киіндірді. Ал көпбалалы, аз қамтылған, толық емес отбасыларда өсіп жатқан балақайлар мемлекет қамқорлығына алынған. Алматы билігі жылда осы топтағы отбасылардағы әр балаға мектеп формасын алу үшін қаражат бөледі.

Тақырыпқа орай еске түсіп отыр, күні кеше әлеуметтік желіде Түркістан өңірінде бір мектептің әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға мектеп формасын таратқаны, бірақ кейбір киімдердің балалардың өлшемінен тым үлкен

екендігі айтылып, біраз дауламай туғызғаны бар.

Біз күйеуі қайтыс болып, балаларын жалғыз асырап отырған, Алматының Наурызбай ауданының тұрғыны Назымгүл Мыңбайды сөзге тартқан болатынбыз.

– Біздің №188 мектеп-гимназия жылда мектеп формасын сатып алу үшін әр балаға қаражат бөліп тұрады. Биыл 35 мың теңгеден алдық. Бұл біз үшін үлкен көмек. Әрі бала өзіне ұнағанын, денесіне қонымысын алады, – деді қуанып тұрған әйел.

Осылай, пандемия шеңгеліне ілікпей, аман болып, қалыпты өмірге оралып, толыққанды білім алып, шаһар да балақайлардың күміс күлкісіне, сұлу жастардың, көркем жастықтың құшағында тербеліп тұра бергей деп тілейміз.

...Қарсы алдымызда тарыдай ғана балақай кетіп барады костюм-шалбар киген. «Бірге» барған болуы керек. Шалбарының ышқырын көтеріп-көтеріп қойғанына дейін сүйкімді. Енді қайтсін, үйреніспеген киімі ғой. Шешесіне былдырлап бірденелерді айтып барады өзі. Таудай болындар, бір-бір үйдің үкілеген үміттері!

БӘРЕКЕЛДІ!

«Әліппе» қайта оралды

Ақтоқын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

5 жыл үзілістен кейін «Әліппе» жаңа үлгіде мектеп бағдарламасына енгізілмек. Оқулық Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі негізінде мемлекеттік стандартқа сай әзірленген.

Оқулық авторлары кітаптағы әріптер мен дыбыстардың берілу реті басқа екенін, өзара тіркесіммен сөз жасау ерекшелігіне қарай құрылғанын айтады. «Әліппенің» қайта оралғанына қуанған ата-аналар балаларының әріп таңуда қиындықтара тап болмайтынына сенімді. «Үйде 3 бірдей балам бар. Алдыңғы екеуі «Әліппесіз» оқып, 1-сыныпта әбден қиналды. Енді кенже қызымның осы кітапты оқытынын естіп, қатты қуандым. Өзіміз «Әліппемен» сусындадық қой», – дейді Серік Айтқұрман.



Айта кетерлігі, А.Байтұрсынұлының «Әліппесіндегі» ескі сөздер мен суреттер қазіргі кітаптан кездеспейді. Алдымен дыбыстар, әріптер, содан кейін буындар мен сөздер оқытылады. «Әліппе» оқулығының көмегімен 1-сынып оқушылары шағын мәтіндерді оқып, түсініп, қарапайым сөздер, сөйлемдер жазуды үйренеді. Өткен сабаққа байланысты мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар мен нақыл сөздер, түрлі танымдық тақпақтарды QR-код арқылы тыңдай алады. Кейбір ауыл мектептерінде қолжетімсіз болса, оған қосымша дискі бар.

ТҮРКСІБ АУДАНЫНДА

Білім ұяларының қатары артады

Алматының Түрксіб ауданында мектептердегі орын тапшылығы 1600-ден асады. Осыған байланысты биыл ауданда үш мектеп кеңейтіліп, ескі ғимараттың орнына тағы бір мектеп салынады.

Аудан әкімі Бақытжан Ақжаров Түрксіб ауданындағы 29 мектептің екеуі жекеменшіктікі екенін айтты. Жалпы, аудан бойынша 32 442 оқушы бар.

Орын тапшылығы мәселесін шешу үшін жергілікті атқарушы органдар №170 мектептің жанынан 300 балаға арналған жаңа корпусы салуға шешім қабылдады. Қазіргі уақытта нысанның дайындығы 90%-ды құрайды, құрылыс оқу жылының басына дейін аяқталады. Сондай-ақ, Сейфуллин даңғылында 590 орынды жеке мектептің құрылысы аяқталуға жақын, нысан 93%-ға дайын. 2021 жылдың желтоқсанына дейін «Қайрат» шағынауданында 1500 орынды мектептің құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Түрксіб ауданының әкімі Сауранбаев көшесінде бұрыннан бар ғимаратты бұзып, оның орнына №59 мектеп-гимназияның жаңа ғимаратын салу үшін жобалық-сметалық құжаттардың әзірленіп жатқанын айтты.

Б.Ақжаровтың айтуынша, ауданда мектепке дейінгі мекемелер мәселесі де шешілуде. Ауданда жұмыс істеп тұрған 93 балабақша жеткіліксіз, сондықтан «Жас қанат» шағынауданында 280 орынды балабақшаның құрылысы басталды. Ғимарат жыл соңына дейін салынып бітеді.



«Биыл «Қайрат» шағынауданында 260 орынды мемлекеттік балабақшаның құрылысы, сондай-ақ Стахановская көшесіндегі №70 санаторлық бөбекжайды күрделі жөндеу және сейсмикалық күшейту жоспарлануда», – деді Түрксіб ауданының әкімі.

Сондай-ақ, ауданда 100 орынды №86 балабақшаны және Алматы қалалық мүмкіндігі шектеулі балаларды оналту орталығын сейсмикалық неғайту бойынша жұмыстар аяқталды.

Айнұр НҮРСАБЕТ.



COVID – 19

АНТИВАКСЕРЛЕРГЕ СЕНБЕҢІЗ



Айнұр
НҮРСАБЕТ

Алматыдағы №1 қалалық емхананың бас дәрігері Азамат Зайыров қаладағы екепке науқаны туралы баяндап берді.

«Бүгінде біздің емханада 6 дәрігер мен 9 медбикеден тұратын 6 мобильді топ жұмыс істейді және ересектер мен балалар бөліміне арналған 2 дәрігер мен 3 медбикеден тұратын филтр-бөлмелері бар. КВИ-мен күресуге 4 санаттағы жедел жәрдем бригадасы да жұмылдырылған. Оның құрамында 4 фельдшер мен 4 диспетчер бар. Қазір біздің бақылауымызда коронавирус жұқтырған 350 науқас тіркеуде», – деді А.Зайыров.

Дәрігердің айтуынша, №1 емхананың 335 медицина қызметкерінің ішінде 323 адамға екеп жасалған. Бұл жалпы көрсеткіштің 96%-ын құрайды, қалған қызметкерлерде медициналық қарсы көрсеткіштер бар.

А.Зайыровтың өзі Гам-Ковид-Вак («Спутник V») вакцинасын алған. Бас дәрігер өзі қызмет ететін емханада егу процесі қалай ұйымдастырылғанына да тоқталды. «Профилактикалық егуге қарсы көрсеткіштері жоқ адамдарды вакциналануға рұқсат етіледі. Вакциналау алдында дене температурасын өлшеу, эпидемиологиялық анамнез жинау, жүрек соғу жиілігін, қан қысымын өлшеу,



тыныс алу және жүрек-қан тамыры жүйесінің аускультациясы мен тамақты тексерумен міндетті медициналық тексеру жүргізіледі. Егер температура 37°C-тан асса, екепке салу кейінге қалдырылады», – деді А.Зайыров.

Бүгінгі күні №1 емханада Гам-Ковид-Вак және Синофарм вакциналары бар. «Халық арасында антиваксерлер деп аталатын ковидтік диссиденттер халықтың 5%-ынан аспайды. Алайда, олар шамадан тыс белсенділігі мен агрессивті әрекеттерінің арқасында ел назарын өзіне аударып, жұртшылықтың бойында үрей тудыруға тырысуда.

Жалған емес, ресми дәлелденген ақпараттарға сенейік», – деді А.Зайыров.

Дәрігер вакцинаны тұмау сияқты маусымдық аурулар басталғанға дейін салдырған дұрыс екенін айтты. Жылда тұмауға қарсы вакциналау 1 қазанда басталады. «Жыл сайын жергілікті бюджеттен халықты тұмауға қарсы екепке қамтамасыз етуге қаражат бөлінеді. 2-3 триместрдегі жүкті әйелдерге, жиі ауыратын балаларға, созылмалы аурулары бар ересектерге, 65 жастан асқан адамдарға, сондай-ақ медицина қызметкерлеріне екеп салынады», – деді А.Зайыров.

#ЕКПЕАЛ

Амандық үшін



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ



Міне, жаңа оқу жылы да басталды. ЖОО мен колледждер студенттерге есігін ашып, дәстүрлі форматта білім бере бастады.

Өзінің де, жакын-жуықтарының да, студенттер мен әріптестерінің де амандығын ойлаған Алматы мемлекеттік энергетика және электронды технологиялар колледжінің директоры Төлеуғали Тайтөлеев екепке салдыруды бірден қолдаған. Себебі, өзі де былтыр коронавируспен ауырған. «Менің туыстарым, таныстарым қайтыс болды осы індеттен. Көп адам о дүниеге кетіп жатыр. Айтайын дегенім, соның ішінде біреуі де екеп алмағандар. Вакцина салдырмасақ болмайды. Бала кезімізден алып жүрдік қой екепке. Сондықтан қорқатын ештеңе жоқ», – дейді Т.Тайтөлеев.

Ел арасындағы түрлі алып-қашпа әңгімелер екепке егу қарқынына кедергі келтіріп тұрғаны

жасырын емес. Алайда, мамандар дүние жүзі бойынша 2 миллиардтан астам адам екепке алған болса, демек, вакцинаның тиімділігі жоғары деген пікір білдірді.

«Бізге осы пандемия жағдайында өмір сүруді үйрену керек. Вакцина коронавирус жұқтырудан 100 пайыз қорғамаса да, ауруды ауыр өткеруден және өлімнен қорғайды деп сенімді түрде айта аламын. Ал вирус мутацияға ұшырағандықтан, екепке тиімсіз болып қалды деген жай ғана қауесет. Вакцинаның әр түрі өбден зерттелген әрі тиімділігін дәлелдеген», – деді Қазақ репродуктивті медицина ассоциациясының президенті Вячеслав Локшин.

Жаңа оқу жылы қарсаңында студенттерді қабылдаған Қазақ ұлттық медицина университетінің қызметкерлері де екепке қолдайды. Мұндағы қызметкерлер мен студенттердің 90 пайызы вакцина салғызған.

МОНИТОРИНГ

Бетпердесіз қауіпті

Шаһарда демалыс күндері қоғамдық тамақтану, сауда және ойын-сауық орталықтары, базарлар, сәулеулік салондардың жұмысына тыйым салынғанына қарамастан, «Барыс» базары өз жұмысын жалғастырған.

Қаладағы Алматы ауданының мониторингтік тобы сол күні сағат 13.30 шамасында белгіленген карантиндік шектеулердің бұзылуын анықтады. Айта кетерлігі, адам аяғы көп жүретін базарда бетперде режимі сақталмаған, көптеген сатып алушылар сауда аймағында бетпердесіз болған. Сол себептен, «Барыс» базарының иесіне өте қомақты көлемде айыппұл салынатындығы, материалдар Алматы ауданының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына жіберілетіндігі мәлім болды.

Ескере кетерлігі, эпидемиологиялық тексерулердің нәтижелері бойынша Алматыда инфекцияның негізгі ошақтары мыналар: сауда объектілері – 32%, отбасылық байланыс – 16%, қоғамдық көліктер – 17,1%, базарларда 13%-ды құрайды.

БРИФИНГ

«Ashyq» тиімді

Бизнесті сақтап қалуда, вирус жұқтырғандарды анықтауда «Ashyq» жобасының тиімділігі мен халыққа тигізер пайдасы мол. Бұл туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте кәсіпкер Радован Симонович айтты.

Қазіргі уақытта кез келген адам вирусты тасымалдаушы болуы мүмкін. Егер клиентте «қызыл» немесе «сары» статус жанса, ол «күту аймағына» ауыстырылады немесе нысанның ішіне жіберілмейді. «Бастапқыда қонақтар жобаны әртүрлі қабылдады. Жобамен жұмыс барысында біз «сары» мәртебесі бар адамдарды үш рет және бір рет «қызыл» мәртебесі бар адамдарды анықтадық. Мұндай жағдайларда біз оларға қызмет көрсете алмайтынымызды түсіндірдік, өйткені біз бірінші кезекте көпшілік адамға қызмет көрсету саласына жатамыз. Қосымша бізге өз бизнесімізді сақтауға көмектесті және жұқтырғандарды анықтаудың ең жақсы құралы болып табылады», – дейді Р.Симонович.

Алматыда «Ashyq» жобасының 8306 қатысушы бар, ал еріктілері – 11812 нысан. «Ashyq» көшбасшыларының саны – 281.

Әзірлеген А.ТҮРЛЫҒАЗЫ.

СІЗ ЕКПЕ АЛДЫҢЫЗ БА?

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Айман ЫСҚАҚ,
зейнеткер:

– Елімізге және дүние жүзіне зор қауіп төндірген пандемияға қарсы күрес әлі жалғасуда. Біз азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін күш-жігерімізді біріктіруге тиіспіз. Ол үшін барлық аурудың емі болып табылатын екепке міндетті түрде қабылдауымыз қажет. Менің жасым 60-та. Қызым, немерелерім дәрігер. Осы уақытқа дейін түрлі ауруларға қарсы екепке қабылдап, оның ішінде тұмауға қарсы екепке жылма-жыл алып, дерттің бәрін еңсердім.



Алма ДҮЙСЕНБЕКОВА,
кітапханашы:

– Отбасымызда 18 жасқа толғандардың барлығы коронавирусқа қарсы екепке ектірді. Мамандар, ең алдымен, менің қан қысымымды, дене қызуымды өлшеді. Бұған дейін қабылдаған ем-домдарымды сараптап, екепке қабылдауға жарайтынымды анықтады. Сөйтіп, екепке бірінші кезеңін алдым. Екепке қабылдағаннан кейін күту залында дәрігерлердің бақылауында болдым. Денемде ешқандай өзгеріс, кері нәтиже болған жоқ. Қазір екепке қатысты алыпқашпа әңгіме көп. Бос сөзге сенуге болмайды. Дәрігерлердің ғана кеңесіне құлақ асқан жөн. Елімізге және әлемге белгілі дәрігерлер екепке қабылдау арқылы қауіпті індетті жеңетінімізді ресми мәлімдеді. Сондықтан үлкен-кішінің бәрі екепке қабылдауы қажет. Өзімнің замандастарымды екепке қабылдауға шақырамын.



Әзірлеген
А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Вакцина вирустың алдын алады



Айнұр
СЕНБАЕВА

Белгілі дінтанушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы, философия ғылымының кандидаты Жанна Қаңтарбаеваның айтуынша, вакцина – бұл ғылымның жетістігі. Ал әлемдік діндер ғылымды қолдайды.

Жалпы, әлемдік діндер мен көптеген конфессиялардың өкілдері вакциналануға, түрлі ауруларға қарсы егуге тыйым салмайды. Философия ғылымының кандидаты жалпы адамзаттың бірнеше пандемиядан вакцинаның арқасында аман қалғанын еске салды. Ол 1796 жылдың мамырында Эдвард Дженнер өзінің жұмысшыларының бірінің 8 жастағы ұлына шешекке қарсы вакцинаны қалай салғаны туралы баяндап берді.

«Сол заманда да вакцинаға сенімсіздік пен келіспеушілік білдірген діни бірлестіктер болды. Бірақ вакцинаға қарсы пікірлерге қарамастан, ғалымдардың жетістіктерінің

терінің арқасында шешек дерті жойылды», – деді ол.

Дінтанушы діни отбасының туберкулезді жұқтырған жағдайы туралы да әңгімеледі. Өз сенімдеріне байланысты адамдар вакцинация мен дәстүрлі емдеуден бас тартқан. Ж.Қаңтарбаеваның айтуынша, мұндай мысалдар көп. Өйткені, адамдар ақпаратты дұрыс қабылдамайды, діни сенімдерге негізделген жалған мәліметтерді тыңдауға құмар.

«Антиваксерлер өз идеяларын дін арқылы насихаттайды. Олар есірткі мен вакцинаға қатысты «харам» мен «халал» терминдерін қолданады. Бұл – қате көзқарас. Қазір ең үлкен қауіп төндіретіндер – өздігімен емделумен айналысатындар және емдеудің дәстүрлі емес түріне иақыратындар. Шындығында, тек вакциналану ғана коронавирустың алдын алады», – деді Ж.Қаңтарбаева.

Дінтанушы халықты Мұсылмандардың діни басқармасы мен Орыс православие шіркеуінің өкілдері растаған ақпаратты ғана тыңдауға шақырды.

ДӘРУМЕН

Ағзаға несімен пайдалы?

Кепкен өрік ас қорыту жүйесіне пайдалы. Стрестің және қан аздықтың алдын алады. Құрамындағы А дәрумені терідегі ақаулардың еміне оң әсерін береді. Күнне 5 дана кепкен өрік жесеңіз жетіп жатыр.

Кепкен құрма иммунитетті күшейтеді, қатерлі ісікке қарсы тұра алатын қауқары бар. Терінің әсемдігі мен саулығына әсері бар. Ас қорыту жүйесінде қиындығы бар жандарға көмегі үлкен. Ми жұмысын да реттейді.

Кепкен інжір арықтағысы келетіндер үшін пайдалы. Құрамында аминқышқылдар көп. Сол арқылы жасуша қалыптасуында,

дененің жаңалануында белсенді рөлі бар.

Кепкен жүзім қақырық түсіреді, тыныс жолдары ауруларына қарсы тұра алады. Күнне 10 данасын жеу арқылы қан қысымын төмендетуге болады. Иммунитетті де күшейтеді.

Кепкен алма тыныстың таруына, астма, жүрек мазасыздығына қарсы жақсы әсер етеді. Құрамындағы талшықты ерекшелігімен ішектерді тазалайды. Көзді шаршатын жұмыс істейтін іскер жандарға күніне бір уыс кепкен алма жеу пайдалы.

С.АСАНҒҰЛ,
ҚАЗИТУ-дың студенті.



ЗЕРДЕ

Амантай қажы АСЫЛБЕК:

БАРДЫ БАҒАЛАЙ БІЛЕЙІК!



Қазақстанның тәуелсіздік алмастан бұрын қол жеткізген ең үлкен жетістігі – Семей ядролық полигонын жауып, атом қаруынан бас тартуы. Осынау тарихи оқиғаның басы-қасында жүріп, қарапайым халықтың мұн-мұқтажын айтқан қоғам белсенділері, ақын-жазушылар аз болмады. Солардың ішінде Семей ядролық полигонының жабылуына еңбек сіңірген, одан бері де талай рет ел мен жердің мәселесін Алашқа аттандап айтып жүрген ел патриоты, «Аттан, Қазақстан!» қозғалысының жетекшісі, «Құрмет» орденінің иегері Амантай қажы АСЫЛБЕКПЕН әңгімелескен едік.



– Әңгімеңізді «Аттан, Қазақстан!» қозғалысынан бастасаңыз...

– Бұрын қазақ еліне жау шапқанда, батырларымыз «Аттан!» дегенде, алты жасар баладан еңкейген кәріге дейін атқа қонған. Ал мына Семейдегі апат тек адамзат баласына ғана емес, қоршаған ортамыздағы табиғатқа да зиянын тигізді. Сол себепті де, бұл жағдайға бей-жай қарап отыра алмай, «Аттандап», 1991 жылы 18 маусымда «Аттан, Қазақстан!» қозғалысын құрдық. Оған еліміздің барлық патриоттары – «Невада–Семейдің» батырлары, «Азат», «Желтоқсан», «Жер-Ана» қозғалыстарының белсенділері қатысты. Қара халықтың басын қостық. Одан қалды, Орал оқиғасының бетін қайтарып, жемқорлыққа қарсы екенімізді айттық. Жемқорлықтың кесірінен ел экономикасы құлдырайтынын баян еттік. Сөйтіп, республиканың әр жерінде Семей ядролық полигонының жабылуын қолдаған бейбіт шерулер өткіздік. Шеруге қатысқан адамдарда есеп болмады. Ақыры, Семейге де жеттік. Ол жерде де бейбіт шеру өткізіп, тамыздың 29-ына полигонның жабылуы тиіс екенін айттық. Жергілікті телеарна

үзбей беріп тұрды. Тіпті, 23-і күні республикалық арнадан тікелей эфирге шығып сөйледім. Сөйтіп, 29 тамызда Семейде үлкен бейбіт шеру болды. Міне, Алланың бұйрығымен, қазақ халқының «аттандауымен», ресми түрде қол қойып, Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев ядролық полигонды жапты. Бұған барша қазақ халқы, «Невада–Семей» қозғалысы және «Аттан, Қазақстан!» бейбіт шеруі зор үлес қосты.

– Арада талай жыл өтті, Семей ядролық полигоны жайлы тағы бір еске ала кетсеңіз?

– Ядролық жарылыс Семей топырағының, әсіресе, сынақ алаңына таяу орналасқан Абыралы, Қайнар және т.б. елді мекендердің әсем табиғатының азып-тозуына әкеп соқты. Қаншама адам айықпас қатерлі ісік кеселдеріне шалдықты десемізші. Іштен кемтар болып туғандар көбейді. Қазір де соның зардабын тартып отырған отбасылар аз емес. Мамандардың пікірінше, шамамен 1,5 миллион тұрғын радиациялық сәулеге ұшырап, оның кеселін осы күнге дейін тартып келеді. Бұл зобалаң қазақ халқы көрген «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл

сұлама», голошекиндік қолдан жасаған ашаршылық тауқыметі және т.б. нәубет, зұлматтардан кем түспеген еді. Құдайға шүкір, 1991 жылы 29 тамызда екі үлкен жетістікке қол жеткіздік. Алғашқысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Семей сынақ полигонын жабу туралы Жарлығы болса, кейінгісі ядролық қарудан басыбайлы бас тарту еді. Қуанышты хабар Семейдегі «Халық дауысы» газетінің бірінші бетінде «Сүйінші, Семейдегі ядролық жарылыстар мәңгілікке тоқтатылды!» деген жағымды жаңалықта айтылды. Ол жерде «Невада–Семей», «Аттан!» қоғамдық ұйымдарының және Қазақстанның басқа да барлық қоғамдық күштерінің бірлескен іс-қимылы жеңіске жетті делінген болатын. Міне, осылайша біз ядролық қарудан құтылдық. Тіпті, шет мемлекеттерге полигонның адамзат баласына қауіпті екендігін айтып, бейбітшілікте, ешкімге зиянымызды тигізбей бақытты өмір сүрудің жарқын үлгісін көрсеттік.

– Сізді біз, кейінгі ұрпақ, қазақтың ақ шапанын киіп, қолына асатаяғын ұстап, жастарға адамгершілікті, иман-сауап атаулыны насихаттаудан тайбай жүрген атамыз ретінде қабылдаймыз. Қазір қандай жұмыстар атқарып жүрісіз?

– Мен осы күнге дейін 28 мемлекетте болған адаммын, бәрінде де қазақ елінің туын қадап қайттым. Барған жерде «Менің елім» әнін шырқап жүремін. 1994 жылы Жаратқан Ием үлкен қажылықты нәсіп етті. Аян беріліп, Меккеде аруақтарға арнап 10 рет ас беріп, Құран бағыштағаным да рас. Мың адам қатысты. Талай адамның қажылыққа баруына септігім тиді. Одан бөлек, Семей полигонының зардабынан жанары суалған зағиптарға, Алматы қаласындағы жетімдерге де хал-қадерімше 30 жылдан бері жәрдем беріп келемін. Қазақ «Оң қолың берген садақаны сол қолың көрмесін» дейтін халық қой, әйткенмен осы күні есептеп қарасам, 20 миллион теңгеден астам садақ беріппін. Өзім оңтүстік астанадағы көпқабатты үйдің 1-қабатында тұрып жатқаным 45 жыл болды. 10 рет қажылыққа ағылшындарды апарып, қара шаңырағымнан 5 мыңдай адамға зәмзәм суынан дәм татқызыппын. 2 миллион адамның қолын жинап, Семей полигонының жабылуына мұрындық болдық. Кереку жеріндегі Ермак ескерткішін күреп тастауға да көмек бердік. Осы кезге дейін 5 мың «Құранды» тегін тараттық. Биыл ата-бабаларымыз аңсап өткен егемендікке қол жеткізгенімізге – 30 жыл. Жастарды маңдайдағы осы бақты бағалап, қадір-қасиетін білуге, Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуы жолында адал еңбек ете беруге шақырамын.

Сұхбаттасқан
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

КӨРМЕ



«Көгілдір шұғыла»

швейцарлықтар
назарында



Әсел
ДАҒЖАН

Швейцария астанасының орталығында Семей ядролық полигонының жабылуының 30 жылдығын атап өту шеңберінде британ продюсері Андре Сингердің «Жел қайдан соққан еді» деректі фильмінің көрсетілімі мен танымал қазақстандық суретші, ядролық қарусыздану үшін халықаралық қозғалыстың белсенді қайраткері Кәріпбек Құйықовтың «Көгілдір шұғыла» атауындағы картиналарының көрмесі болып өтті.

Швейцариядағы Қазақстан елшісі Әлібек Бақаев ресми бөлімді аша отырып, іс-шараның негізгі мақсаты – ядролық сынақтардың салдары және Елбасы Н.Назарбаев қабылдаған полигонды жабу туралы шешімнің маңыздылығы туралы халықты хабардар ету, сондай-ақ ядролық қарудан толық бас тарту үшін бірлескен күш-жігерді жандандыру екеніне тоқталды.

Іс-шараның арнайы қонағы – «Базель әлем офисінің» (Basel Peace Offices) директоры Алан Варе өзі тумасы болып табылатын Жаңа Зеландия орналасқан өңірдің АҚШ, Франция және Ұлыбритания ядролық сынақтарынан қалай зардап шеккені туралы әңгімеледі. *«Алайда, Семей полигонындағы ядролық сынақтар барынша ауқымды және қарқынды болды», – деді ол. «Әлем бойынша Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күніне орайластырылған жыл сайынғы іс-шараларды өткізуде Қазақстанмен ынтымақтасу біз үшін үлкен құрмет. Мәселен, биыл ұйымдастырылған Қазақстан, Ядролық сынақтарға жалпы тыйым салу туралы шарт ұйымының Дайындық комиссиясы, БҰҰ-ның қарусыздану жөніндегі басқармасы және «Youth Fusion» үкіметтік емес ұйымымен бірлесе, арнайы жастар акциясын қолдаймыз», – деп атап өтті спикер.*

Швейцария Сыртқы істер федералдық министрлігінің қарулануды, қарусыздануды және ядролық қаруды таратпауды бақылау бөлімі басшысының орынбасары Рето Воллеман Нұр-Сұлтан мен Берннің осы салада ұқсас саясат жүргізіп отырғанын атай келе, Қазақстанның денуклеаризация және ядролық қаруды таратпау саласындағы күш-жігерін жоғары бағалады.

Іс-шараға қатысушылар Қазақстанның Семей ядролық полигонын жабу, қуаты бойынша әлемде төртінші орында болған ядролық арсеналдан ерікті бас тартуы туралы шешімдердің тарихи маңызын атап өтті және Қазақстанның ядролық қарусыздану және ядролық қаруды таратпау саласындағы бастамаларына жоғары баға берді. К.Құйықов туындыларының көрмесі де зор қызығушылық тудырды. Суретші тағдыры мен оның ядролық жарылыстар тақырыбындағы картиналарының бірегейлігі іс-шара қонақтарына ерекше әсер қалдырды.

«Casino Bern» атты тарихи ғимаратта өткен іс-шараға Швейцарияның сыртқы саясат ведомствосының ресми тұлғалары, дипломатиялық корпус, Цюрих университетінің профессорлар және оқытушылар құрамы мен студенттері, іскерлік қауымдастық, мәдениет саласының, БАҚ өкілдері және қазақстандық отандастар қатысты.

КӨРМЕ


ӘЛЕМ ТАРИХЫ БАЯНДАЛМАҚ



Айым
НҰРМАН

Нұр-Сұлтан қаласындағы «Жер – Ғарыш» картиналар көрмесіне қаламыздағы Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінің қорынан Қазақстанның атақты суретшілерінің 25-тен астам туындысы қойылады.

Көрмеге қойылған туындылар өзара ғарыш, утопия мен арман тақырыбымен біріктірілген. Көрме суретшілер мен ғарыш арасындағы 100 жылға жуық диалогты қамтиды. Дәл осы экспозицияда көрермендер уақыт пен кеңістікте ғарыштық саяхат жасай алады. Көрмеде Сергей Калмыков пен 70-жылдардағы қазақстандық суретшілердің өнер тарихы, Юрий Гага-



риннің ұшуынан кейінгі суретшілердің толқыныстары, Тәуелсіз Қазақстанның Space X зымырандарымен жеке ұшулар

жасауға болатыны жайлы туындыларымен танысуға мүмкіндік туып тұр. Экспозицияның маңызды бөлімі А.Бақтығалиев, Н.Гаев, Т.Ордабеков, Е.Сидоркин сияқты көрнекті қазақстандық бейнелеу өнері өкілдерінің шығармашылығымен таныстырады. Әрбір автор ғарышты игеру туралы өзінің жеке көзқарасын ұсынып, адамдардың бейнелері арқылы – зымырандарды ұшыратын ғалымдар, аспанды бағындыратын батыл ғарышкерлерді жеткізеді. Бүгінгі күнде де ғарышты игеру идеясы өзектілігі мен маңыздылығын жоғалтпады және қазіргі шеберлер үшін шабыт көзі болып қала береді. Экспозицияға Б.Мекенбаев, Ш.Гүлиев, Е.Жұмановтың жұмыстары кірді. Олардың әрқайсысы тақырыпқа өз көзқарасы мен қолтаңбасын қалдырады.

Қазақстандық өнер арқылы көрмеде бүкіл әлемнің тарихы баяндалмақ, өйткені, болашақ – ортақ, ал өткен күн тек тәжірибе арқылы қалыптасады.



БІЗДІҢ ЧЕМПИОН!

БИЛЬЯРДТАН БАС
БӘЙГЕ – БІЗДЕ!

**Айжан
БҮРКІТБАЕВА**

**Қазақстандық
бильярдшы Ернар
Шымбаев «Еркін
пирамида» бойынша
әлем чемпионы
атанды.**

Бильярд турнирі 28 тамызда Ханты-Мансийскте өтті. Жартылай финалда жерлесіміз беларусь елінің спортшысы Владиславты 7:5 есебімен жеңіп, ал шешуші кезеңде үш дүркін әлем чемпионы, ресейлік Никита Ливадтан басым түсті. Дүбірлі додада әлемнің 19 елінен 58 ер мен 16 әйел бақ сынаған.

Ернар Шымбаев – халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Карьерасын 2007 жылы бастаған спортшы 2010 жылы әлем чемпионы атанған. Кейінгі жылдары Қазақстан чемпионаттарының бірнеше дүркін чемпиондығын жеңіп алды. Ернар Шымбаев спортқа алғаш қадам басқан күндерін былай еске алды:

– Бала кезімізден бильярдқа қызығып өстім. Кейін үлкен спортқа қадам бастым. Тренер іздей бастадым. Бірінші рет Қазақстан чемпионатына Шымкент қаласына бардым және сол жақтан тренер таптым. Бірінші тренерім Александр Садырин деген кісі болды. Сол кісіден 3 ай сабақ алдым, ойынның ережесін үйрендім. Бұл енді өте жұқа спорт, қыры көп, оның бәрін білу мүмкін емес. Біз білмейтін неше түрлі нәрсе бар, – дейді Ернар.

Осы жолғы чемпионатқа Ұлттық құрамамен бірге аттана алмаған спортшы жарысқа өз қаржысымен барып, тек жеңістен үміттенгенін айтады:

– Бірінші рет 2010 жылы бірден әлем чемпионатында жеңіске жеттім. 2013 жылы Қазақстанда жеңімпаз болдым. Қазір жасым 33-ке келді. Негізі, бұл жас бильярдқа ардагер жас болып саналады. 35 жасқа дейін ойнауға болады.

24–28 тамыз аралығында өткен әлем чемпионатында ұтып келдік. Ұлттық құрамаға жолдама ала алмағаныма маған үлкен мотивация болды. Чемпионатта бар ойым ойында емес, жеңіске жету де, жеңілсем жақындарыма не айтам деген ойда болдым. Бұл маған жеңіске жетуіме үлкен көмек болды. Қазақстан Бильярд Федерациясына да алғысымды білдіремін, – дейді чемпион.

Ернар Шымбаев бильярдтың да өзге де спорт түрлері сынды өз қиындықтары мен қызықтары бар дейді. Айтуынша, бұл спорт түрі де белгілі бір дайындықты қажет етеді:

– Бильярдты бәрі құмар ойын деп ойлайды. Ақшаға ойнайды деген сынды... Барлық спортта ондай нәрсе бар. Бильярд – бұл да спорт. Бұл жерде де адам терлейді, шаршайды деген сынды. Оған да өзіндік дайындықтар керек. Мен көбіне жүзді бильярд ойындарына жақсы көмектеседі деп ойлаймын. Себебі, бильярдта 5-6 сағаттап бір тұрыспен ойнаймыз. Бұған дене дайын болу керек. Сондай-ақ, сайыстың алдында демалыс қажет. Кем дегенде 8 сағаттық толық ұйқы керек. Себебі, бильярд шахмат ойындары сынды мимен жұмыс істейтін ойын. Ең бастысы, геометрияны жақсы білген абзал. Жалпы айтқанда, бильярд адамды тәрбиелейді десек те болады, – дейді Е.Шымбаев.

Ресей төрінде еліміздің Көк байрағын желбіреткен спортшы болашақта балаларға арналған тегін бильярд мектебін ашуды көздейді. Жас буынға өзінің ұстанымдарымен бильярд ойындарының қыр-сырын үйретсем дейді.

– Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында спорт түрі дамымай жатыр. Ол үшін арнайы мектептер ашып, әке-шешелеріне түсіндіріп, жасөспірімдерді тарту ойда бар. Халықтың бильярдқа деген оң көзқарасын қалыптастырып, шәкірт тәрбиелесем деймін. Болашақта үлкен бильярд мектебін ашқым келеді. Және мүмкіндігінше тегін етіп ашсам ба деймін, – дейді спортшы.

Бильярд Федерациясы Ернар Шымбаевты әлем чемпионы атануымен арнайы құттықтап, спортшының кеткен шығындарын толық өтеп беретінін жеткізді:

– Ернар чемпионатқа аттанар алдына өзіне жеңіске жететінін баса айттым. Өйткені, жеңісіне сенімді болдым. Жарысқа аттанар алдында жеңетініне жоритын түс көрген едім. Ернар – мақтан тұтатын мықты, жігерлі спортшымыз. Ұлттық құрамаға ене алмаса да, тайсалмай өзі аттанған болатын. Міне, бүгін әлем чемпионы атанып отыр. Шын жүректен құттықтаймыз! – деді Қазақстан Бильярд Федерациясының төрағасы Аңсары Қаранеев.

ДЕНСАУЛЫҚ

ДӘРУМЕННІҢ ҚАДІРІ
күн санап артуының сыры неде?

**Әсел
ДАҒЖАН**

«Абай жолы» романында Бөкейдің асы өткен соң ауыл арасында әңгіме айтыла қалса, «Бөкейдің асына дейін» немесе «Бөкейдің асынан кейін» деп айтылатыны естеріңізде шығар?!

Егер коронавирус келмей тұрып, қазақтар арасында дәрумен ішу әдетте болмаса, қазір екінің бірі С және Д3 дәруменін тұрақты іше бастаған. Біреуі дәріханада сатылатын


түрін ішсе, енді бірі арнайы сайт арқылы тапсырыс беріп, шет елден алдыртады.

Әуелі бір құрбымның асүйіндегі сөре толған дәрумен екенін көргенде еріксіз бас шайқағам. Бұрын спортпен айналысып, салауатты өмір салтын ұстанатын кәсіпкерлердің дәрумен ішетінін көретінмін. Пандемия басталғалы соңғы екі жылда ел арасында дәрумен ішу сәнге айнала бастағандай ма, әйтеуір тамақтан кейін түрлі дәрумен ішетін жұртқа көзіміз үйрене бастаған. Вирус келмей тұрып, көбінесе аға буын өкілдері табиғи тамақ болмаса, қораптағы дәрумендерге сын көзбен қарап, қабылдамайтын.

Бірақ қалай пандемия басталды, үйдегі әке-шешеміз де С және Д3 дәрумені ағзаға керек дегенді оқып алған. Неге дәрумен ішу трендке айналды десек, жаңа превентивті медицина өкілдері «біздің күнделікті ішіп жүрген ас-ауқатымыз бұрынғыдай емес, құнарсыз» дейді. Тіпті, олар ішіп жүрген судың құрамы да минералға бай болу керек, әйтпесе өлі судан ағзаға келер пайда жоқ дегенді айтады. Сол үшін олар дұрыс тамақтануға көшу мен салауатты өмір салтын ұстана отырып, біз тамақтан ала алмайтын минералдар мен кейбір витаминдерді қосымша ішу арқылы денсаулыққа күтім жасау керектігін айтады.

МАМАН ПІКІРІ

Дәрігер Комаровский Д3 дәрумені бүкіл ағзаның жұмысы үшін пайдалы әрі өте қажеттігін алға тартады. Ересек адамның денінің саулығы тікелей осы Д дәруменімен байланысты. Адамдағы артық салмақ, семіздік, жүрек-қан тамыры аурулары, иммундық жүйе, Альцгеймер, Паркинсон аурулары да осы Д дәруменінің жетіспеушілігінен болады. Ол гормоналды зат алмасуға қатысады. Яғни қалқанша без, өсу гормоны, жыныс гормондарының жұмысы осы Д дәруменімен тығыз байланысты. Д дәруменін күннен аламыз, белгілі бір тамақ өнімдері, яғни майлы балық, жұмыртқаның сарыуызы, қойдың құйрық майы және т.б. болады. Бұл дәрумен майда жақсы еритіндіктен, оны майлы тамақтармен қоса қабылдауға болады. Әрі оны үзбей жыл бойы ішу қажет. С дәрумені суда еритіндіктен, оны сумен ішесіз.



ТАҚЫРПҚА ОРАЙ

Тамақты дәрі ретінде талдап жеңіңіз. Әйтпесе, дәріні тамақ сияқты тұтынуыңызға тура келеді.

Стив Джобс.

Диагноз қоюдың
жеңіл жолы

Жарма – сұлы, бұлғыр, қарақұмық, полба, қоңыр, қызыл және қара күріш, қатты бидайдан жасалған макарон, нан, ұн, қабығы бар картопты күніне 2-3 рет жейсіз бе, әлде жемейсіз бе? Егер тұрақты жемесеңіз, сізде В дәрумені, темір, магний, калий, фолий қышқылы, селен тапшылығы болуы мүмкін.

Күніне түрлі көкөністер мен жемістерді 4-5 мәрте жейсіз бе? Егер жемесеңіз, онда сізде көптеген дәрумендер мен минералдар жетіспейді. Оның салдары клетчатканың тапшылығына ұласып, ол АІЖ қызметін бұзады.

Бұршақ тұқымдастарды аптасына кемінде 2-3 рет тамаққа қосасыз

ба? Егер «жок» десеңіз, сізде магний, темір, фолий қышқылының жетіспеушілігі болуы әбден мүмкін.

Аптасына 1-2 рет балық жейтін шығарсыз? Әлде оны қалтаңыз көтермей ме? Онда фосфор, мырыш, йод, калий жетіспеушілігінің жоғары ықтималдығы бар. Майлы балықсыз Омега-3-те дефицит екенін біле жүріңіз.

Бізге күніне шамамен 2-3 тәрелке мөлшерінде ақуыз қажет (балық, бұршақ дақылдары, құс еті және қой, жылқы еті). Егер ет жеуден бас тартып жүрген болсаңыз, ақуыз тапшылығымен қоса, темір, мырыш, В дәрумендерінің жетіспеушілік қаупі жоғары.

Сүт өнімдерін де күніне 2-3 мәрте жеу керек. Яғни сүзбе, сары май, ірімшік, құрт, айран секілді ақ тамақтар. «Қазір табиғи сүт өнімін табу оңай емес, олардың бәрінде жасанды ұнтақ бар» деп сүт өнімдерінен түбегейлі бас тартсаңыз, ағзада кальций тапшылығы болуы мүмкін.

Не істеу керек? Дәрумен ішу керек пе? Егер бір апталық ішпесек асыңыздың рационын әртүрлі етіп дайындауды қолға алсаңыз және ұйықтар уақытыңыз бен белсенді қимыл-қозғалысқа айтарлықтай көңіл бөлсеңіз, дәрумен ішу-ішпеуді тек маман кеңесінен кейін шешуге болады.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Төрехан
ДАНИЯРОВ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге – 30 жыл. Сондықтан бұл рәсімнің тарихи мән-маңызы айрықша. Көк Туымыз – Тәуелсіз Қазақстанның ең басты рәмізі. Халқымыз үшін азаттықтан асыл, байрақтан биік құндылық жоқ. Қазақтың тарихы «Туың жызылмасын!» деген бір ауыз тілекке сыйып тұр. Бабаларымыз қашан да туын биік ұстаған. Елдігі сыңа тускен сәтте байрақ астына бірігіп, тұтастығын танытқан. Ерлік пен бірліктің дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, Тәуелсіздік дәуіріне ұласты. Егемен елдің көк байрағы – мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

2008 жыл. Бұл – Қазақ мемлекеті тәуелсіздігінің он жетінші жылы! Жаңа ғасырдың сегізінші жылы АҚШ-тағы ипотека дағдарысынан басталған әлемдік-экономикалық дағдарысты еңсеру Қазақ Елі үшін де оңай болған жоқ. Дегенмен, жылдар өте әлем сарапшылары Қазақстанның дағдарысқа қарсы саясаты Орталық Азия өңірі мен ТМД елдерінің ішінде ең тиімді жол екенін мойындағаны көпке мәлім. Дағдарыстың басты себепші олар несие және тұрғын үй секторларындағы «дүмпуден» кейін жалғасқан күйреумен түсіндіреді. Президент тұжырымдағандай, «әлемдік қаржы нарығындағы тұрақсыздықтың алғашқы толқыны қарыз капиталы нарығының жабылуына әкеліп соқты. Дағдарыстың ең үдемелі тұсы 2008 жылдың соңы мен 2009 жылдың басына сәйкес келді.

Жаһандық қаржы дағдарысы жалпы экономикалық дағдарысты туғызды. Жаппай өнеркәсіптік құлдырау басталды. Жылжымайтын мүлік нарығы күрт төмен құлдыдады. 2008 жылы тұрғын үй бағасы екі есеге арзандап кеткенін көз көрді. Көптеген құрылыс компаниялары өз қызметін ықшамдауға мәжбүр болды. Үлескерлер, әсіресе, өз тұрғын үйін несие есебінен қаржыландырып отырғандар өте қиын жағдайға тап болды. Үлескерлер құрылысына қатысқан ондаған мың қазақстандық тұрғын үйге ие болу үмітінен айырылды. Шамадан тыс несиеленіп кеткен Қазақстан банктері сыртқы нарықтан алған ақшаларын қалай қайтарарын білмей, талайының басына дефолт қаупі төнді. Жыл бойына көптеген мемлекеттердің ұлттық валютасының құнсыздануы да Қазақстан тауарларының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әсер етті.

Мемлекет басшысы Үкіметке экономикалық дағдарысқа қарсы кешенді бағдарлама әзірлеуді тапсырды. Оның негізгі бағыттары ретінде қаржы секторын тұрақтандыру, тұрғын үй нарығындағы өзекті мәселелерді шешу, шағын және орта бизнеске қолдау көрсету, агроөнеркәсіп кешенін ынталандыру,



Нұр-Сұлтандағы Бейбітшілік және келісім сарайында еліміздің жаңа астанасының 10 жылдығына орай мерекелік шара өтті. Заңнамаға 2008 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, 6 шілде – жаңа мереке – Елорда күні ретінде тарихқа енді.

ру, индустриалдық-инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру міндеттелді. Бұл шаралар көп кешікпей өзінің нәтижелі жемісін бергені белгілі. Қазақстан 2008 жылды сәтті қорытындылады.

2008-2009 жылдарда орын алған әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысқа орай ел билігі ІЖӨ-нің құлдырауына жол бермеуге және экономиканың өсімін сақтауға мүмкіндік туғызатын бағыттарды айқындады. Бұл бағдарлар Елбасының 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» деп аталған Жолдауында көрініс тапты. Қазақстанда игеріліп жатқан халықаралық мұнай

жобаларындағы мемлекеттің үлесін күшейтуге маңыз берілді. Инфрақұрылым саласында электр энергетикасы мен көлік желілерін дамыту, соның ішінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» құрлықаралық дәлізі жобасына қатысу мақсаты алға қойылды. «300 корпоративті көшбасшы» бағдарламасы арқылы шикізаттық емес секторды дамыту қолға алынды. Дағдарысқа қарсы біздің жүйелі жоспар жасалып, оны жүзеге асыруға мемлекет қорынан жеткілікті мөлшерде қаражат бөлінді. Сондай-ақ, Жолдауда экономикалық серіктестікті дамытуға, технология тартуға, ел заңдарын жетілдіруге жол ашқан «Еуропаға жол» атты арнайы бағдарлама жарияланды.

Осы жылдың тамызында «2009–2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлық шықты. Бұл бағдарлама әлемнің алпауыт елдерінің назарын аударғанын айта кеткен жөн. Бірегей жоба ретінде бағдарлама жаһандану кезеңіндегі еліміздің бағыт-бағдарын айқындап берді. Нәтижесінде Еуропаның беделді мемлекеттерімен жоғары деңгейдегі қарым-қатынасқа қол жеткізілді. Түркиямен, Франциямен, Италиямен және Испаниямен Стратегиялық ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды. Германиямен үкіметаралық бағдарлама жасалды. 2008 жылы Қазақстан мен Қытай елдері арасындағы тауар айналымы 17 миллиард долларға дейін өскен екен.

Президенттің Жолдауы да әлемдік экономикалық дағдарысқа қарсы мемлекеттік саясаттың нақты бағдарларын тұжырымдап берді. Дағдарысқа қарсы қолға алынған шаралар қатарында еліміздің тоғыз облысында 2008 жылы ашылған, пайдалануға берілген 19 жаңа өнеркәсіптік өндіріс орындарын атауға болады. Олардың арасында «Астана – Бұрабай» автобаны, Қазақстанның шығысы мен орталығын жалғап, Ресей аумағы бойынша өтетін 82 шақырымдық транзиттік жолды алмастырған «Шар-Өскемен» темір жол магистралі және тағы басқалары бар.

Жолдаудағы ұтымды қадамның бірі – бизнеске түсетін әкімшілік салмақ мәселесі қайта қаралды. Түрлі тексерулер экономика мен жеке кәсіпкерлік үшін апатты ахуал қалыптастырғанын атап өткен Президент бейберекет тексерулерге тыйым салып, Үкіметке оларды қысқарту туралы тапсырма берді. Шағын және орта бизнесті тексеруге тағы да мораторий жарияланып, ол 2009 жылдың шілде айына дейін созылды.

Жыл басында, қаңтар айында Қазақстанға этникалық отандастарымыздың көшіп келу квотасы туралы Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жариялануын қазақ қоғамы ұлттық бағдардағы ақжолтай хабар ретінде жылы қабылдағанын айта кеткен жөн.

ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

2008

ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ
ОҚИҒАЛАРЫ

1. Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
2. Астананың 10 жылдық мерейтойы
3. «Қазақ Елі» монументінің салтанатты ашылуы
4. Дағдарысқа қарсы бағдарламаның қабылдануы
5. «Нұрлы көш» бағдарламасы

1 ҚАҢТАР

Президент тапсырмасына орай Өзбекстаннан қоныс аударған екі мың қандастарымызға арналған «Асар» атты шағын ауыл жобасы қолға алынды.

1 АҚПАН

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен АҚШ Қорғаныс департаменті арасындағы 2008–2012 жылдарға арналған бес жылдық ынтымақтастық жоспарына сәйкес, Өзара түсіністік туралы келісімге қол қойылды.

6 АҚПАН

Елбасы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауын жариялады.



21 АҚПАН

Елорда көшелері мен даңғылдарын жаңадан атау, атауларын өзгерту туралы шешім қабылданды. Соған сәйкес, кеңес дәуірінен қалған тоталитарлық атаулар өзгертіліп, оған қоса жаңадан бой көтерген аудандар мен көшелерге 309 жаңаша атау берілді.

22 НАУРЫЗ

Президент қазақстандықтарды Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтады. «Аяулы отандастарым, қадірменді қауым! Күн мен түннің теңелген, малдың аузы көкке тиген, адам аузы аққа тиген, түннің күнге бет бұрған, табиғаттың гүлденіп құлпырған қуаныш кезеңі – Наурыз мейрамы баршаңыз-



ға құтты болсын! Жаңа жылды 1 қаңтарда атап өтуді І Петр патша Ресейге Еуропадан алып келсе, одан бізге жеткен. Қытайдың өзінде бұл мереке ақпанның ортасына таман бір апта бойы тойланады. Шығыс халықтарының барлығында дерлік солай. Түбінде біз де өз мерекемізге оралатын шығармыз. Бұл – халықтығымыздың, тәуелсіздігіміздің негізгі тамырының бірі», – деді Президент өз құттықтауында.

2 СӘУІР

Оңтүстік астанадағы «Медеу» спорт кешенінде «Бейжің–2008» Олимпиадалық алау эстафетасы басталды. Олимпиадалық ойындардың басты рәмізін салтанатты табыс ету рәсіміне Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.

12-13 МАМЫР

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен кездесті. Тараптар Тәжікстанның электр энергиясы, ауыл шаруашылығы және тау-кен салаларындағы жобаларына арналған Қазақстан–Тәжікстан инвестициялық қорын құру туралы шешімге келді. Сондай-ақ, Мемлекетаралық үйлестіру кеңесін құру келісілді. Қадірменді мейманның тұрғырмадауына, сол кезде Тәжікстанда 47 бірлескен қазақ-тәжік кәсіпорны құрылған екен. Оның 15-і қазақстандық капиталдың 100 пайыздық қатысуымен тіркелген.

25 МАУСЫМ

«Қазақстан Республикасындағы Мереке-лер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына» толықтыру енгізілді. Бұдан былай «6 шілде – Елорда күні» болып бекітілді.

5-6 ШІЛДЕ

Мемлекет басшысы Нұр-Сұлтандағы Бейбітшілік және келісім сарайында еліміздің жаңа астанасының 10 жылдығына орай өткен мерекелік шараға қатысты. Заңнамаға 2008 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, 6 шілде – жаңа мереке – Елорда күні ретінде тарихқа енді.



Екінші күні «Қазақ елі» монументінің ашылу салтанаты өтті. Монументтің биіктігі – 91 метр. «Өткенге топырақ шайсаң, болашақ саған тас атады», – деген атадан қалған ұлағатты сөз бар. Тарихын ұлықтамаған, барын бағаламаған жұрттың бағы жанып, жоғы түгенделмейді. Бүгінгідей кең байтақ жері бар, киелі төрі бар қазақ – шын мәнінде, жұлдызы жанған бақытты халық. Алайда, бұл бақыт бізге оңайлықпен, өздігінен келген жоқ. Қазақ өз тарихында ұлт ретінде талай мәрте жойылып кете жаздады. Тағдырдың талай ащы зары мен тауқыметін тартты. Бүгінгі тәуелсіздікке дейінгі ара-



30 ЖЫЛДЫҢ 30 СӘТІ

лықта халқымыздың сан ғасырлық аумалы-төпелі тағдыры, арманы мен аңсары арпалысқа толы күресіп жатыр. Іштей бұлқыған бұлқынысы мен өкініші, жеңістері мен жеңілістері де жатыр. Бүгінде Алтай мен Атырау, Сыр мен Тобыл арасындағы байтақ өлкеде орын тепкен Қазақстан Республикасы ежелден қалған ұлы істердің, ұлағатты дәстүрлердің, іргелі мемлекеттердің заңды мұрагері болып саналады», – деді «Қазақ елі» монументін ашу салтанатында Нұрсұлтан Назарбаев.

8 ШІЛДЕ

«Сарыарқа – Солтүстік Қазақстанның даласы мен көлдері» аумағын ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне қабылдау туралы шешім қабылданды. ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра комитетінің 32-сессиясының бұл шешіміне сәйкес, аталмыш аумақ құрамына Қорғалжың мемлекеттік табиғат қорығы мен Қостанай облысындағы Наурызым мемлекеттік табиғат қорығы енген. Екі қорық та ЮНЕСКО-ның тізіміне енгізілген Орталық Азиядағы ең алғашқы нысандар.



24 ШІЛДЕ

Елбасы тапсырмасы бойынша Елорданың жаңа ауданы құрылды. Үкімет Есіл ауданының құрылғаны туралы шешім шығарды.

8 ТАМЫЗ

Қытай Халық Республикасының астанасы – Бейжің қаласында XXIX жазғы Олимпиада ойындары басталды. Төрт жылда бір өтетін әлемдік доданың ашылу салтанатына әлемнің 80-нен астам елінің мемлекет және үкімет басшылары қатарында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та қатысты. Жалпы, Бейжің Олимпиадасында әлемнің 200-ден астам елінен 11 мыңға жуық спортшы өнер көрсетті. Жаһандық бәсекеде спорттың 41 түрінен 302 медаль жиынтығы сарапқа салынды. Қазақстандық спортшылар төрткүл дүние көз тіккен бұл әлемдік додада спорттың алты түрінен 13 медальді қанжығаға байлап қайтты.



28 ТАМЫЗ


Мемлекет басшысы Душанбеде өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдер басшыларының саммитіне қатысып, сөз сөйледі.

5 ҚЫРКҮЙЕК

Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеу қаласында өткен Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының (ҰҚШҰ) отырысына қатысты. Дәл осы күні Елбасы Қазақстанға бір күндік, яғни қысқа мерзімді ресми сапармен келген АҚШ Мемлекеттік хатшысы Кондолиза Райспен кездесті. Тараптар халықаралық және аймақтық мәселелерді талқылады.

22 ҚЫРКҮЙЕК

Ақтөбеде Қазақстан мен Ресей мемлекеттері шекаралас өңірлері басшыларының бесінші форумы өтті. Форум жұмысына екі елдің Президенттері Нұрсұлтан Назарбаев пен Дмитрий Медведев қатысты.



2008 жылы Елордада «Қазақ елі» тарихи-архитектуралық монументінің ашылу салтанаты өтті. «Қазақ Елі» мемориалдық кешені, Бейбітшілік пен келісім сарайы және Тәуелсіздік сарайы – бүгінгі Қазақстанның ажырамас ең қастерлі ұштаған символдық белгісі.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Қазақ елі» мәдени-архитектуралық монументі Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан. Тарихи-мемориалдық кешеннің жалпы аумағы 5,2 гектар, монумент орналасқан орталық тұғырнамасы 1 гектар жерді алып жатыр. Ақ мәрмәрдан құйылған монументтің биіктігі – 91 метр, бұл – Қазақстан тәуелсіздігін алған 1991 жылдың белгісі. Ал оның басындағы алтын түстес бояумен әрленген алып Самұрық құс – Қазақстанның тыныштығын «күзетін» тұр. Монументтің түсі – ақ. Ол қазақстандықтардың достыққа адал, бауырмал, ақ ниетін наш етеді.

«Қазақ елі» монументінің сыртқы бөлігінде 28 колоннадан тұратын жалпы ұзындығы 120 метрлік доға пішіндес ақ колонна орнатылған. Стеланың өзі осы ақ колоннаның қақ ортасында, қызыл граниттен жасалған төрт қырлы тұғырға отырғызылған. Оның төрт қырлы болған себебі – дүниенің төрт бұрышына да Қазақстанның құшағы ашық, көңілі адал дегенді айғақтайды.

Орталық барельеф – «Халық және Президент» деп аталады. Онда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен оның сыртында халықтың бейнесі көрінеді. Алдыңғы фигураның биіктігі – 5 м., онда Н.Назарбаевтың Конституцияның үстіне қолын қойып, ант беріп тұрған сәті бейнеленген. Бұл – біздің тәуелсіз, демократиялық елімізде заңның үстемдік құратынын айғақтайтын

нышан. Президенттің сыртындағы халық – қазақстандықтар, олардың бейбіт, мейрімді көңілін ұшып жүрген қарлығаштар дәйектейді.

Монументтің оң жағындағы екінші барельеф – «Қаһармандық» деп аталады. Онда Отан қорғау қазақ ұлдарының ежелден қасиетті борышы болғанын көрсететін бейнелер шоғырланған. Соның ішінде ерлік пен елдікке үндеген жыраудың, ат үстіндегі ел қорғаған сарбаздың және қолында автоматы бар жауынгердің елдің шебін күзеткен бейнелері орналастырылған.

Батыс жақ бетке орналастырылатын «Жасампаздық» атты барельефте авторлар Қазақстанның көшпелі дәуірден ғарышқа ұшқанға дейінгі жолын бейнелемек болған. Сондағы жасампаздықты туғызған ғалымдар мен инженерлер, металлургтер мен диқандар бейнесі көрінеді.

Ал монументтің шығыс жағындағы «Болашақ» атты барельефте тәуелсіз елде өсіп, өз тағдырларын өздері жасап, ғылымда, мәдениетте, спортта үлкен жетістіктерге жетіп келе жатқан қазақстандық жастардың көңілді шақтары бейнеленген. Осы идеялардың бәрі Қазақстан халқының тәуелсіздік алғандағы шаттанған сезімдерін бейнелеген «Бірлік» атты мүсіндік композициямен аяқталады.

(Дереккөз: Уикипедия — ашық энциклопедиясы).

17–19 ҚАЗАН

Нұр-Сұлтандағы Бейбітшілік және келісім сарайында ислам әлемі елдерінің және батыстың бірқатар мемлекеттерінің сыртқы істер министрлері деңгейінде «Ортақ әлем: әралуандылық арқылы ілгерілеу» атты форум ашылды. Алқалы жиында конференцияның негізгі құжаты құжаты – Астана декларациясы қабылданды.

15 ЖЕЛТОҚСАН

Елордада Қазақстан Тәуелсіздігінің 17 жылдығына орай салтанатты жиын болды. Онда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйледі. Тәуелсіздік мерекесі тұңғыш рет астананың елордалық сипатын аша түсетін аса айшықты нысан – Тәуелсіздік сарайында өтті. Елбасы «Қазақ Елі» мемориалдық кешенін, Бейбітшілік пен келісім сарайын және Тәуелсіздік сарайын бүгінгі Қазақстанның ажырамас ең қастерлі ұштаған символдық белгісі деп атап өтті.



СТАТИСТИКА:

2008 жылы Президент республика өңірлеріне 19 рет (барлығы 39 күн), шет елдерге 13 рет (барлығы 20 күн) ресми сапарға шықты. Жалпы, Елбасының қатысуымен халықаралық сипаттағы 112 кездесулер мен шаралар өткен екен. Бір жыл ішінде барлығы 102 Заң қабылданып, 217 Жарлыққа қол қойылды.

ЖЫЛ ТҮЙІНІ:

2008 жыл қауіп-қатерлерге толы жыл болды. Әлемдік дағдарыс ұлттық экономиканы тез арада әртараптандыруды қажеттілігін тудырды. Қиындықтарға қарамастан әлеуметтік салаға арналған бюджет көлемінің бір тиыны да қысқармайтыны туралы шешім қараша көңіліне сенім ұялатты. Дағдарыс тегеурініне қарамастан ел билігі маңызды жобаларды жүзеге асыратынын мәлімдеді.

Жаһандық экономикада қалыптасқан дағдарысты кезеңге қарамастан шетелдік инвесторлар үшін Қазақ Елінің инвестициялық тартымдылығы жоғары деңгейде болды. Бұл жылы елге бұрын-соңды болмаған инвестиция тартылды. Нұрсұлтан Назарбаевтың осы жылы шет елдерге барған сапарының қорытындыларына үңілсек, мұны айқын аңғарамыз. Бахрейнмен және Абу-Дабиден жалпы сомасы 1,5 млрд. доллардан асатын екі бірлескен қор құру, Қытайдың «СІПС» корпорациясымен 1 млрд. долларлық бірлескен қор, сонымен қатар, француздық және жапондық компаниялармен әріптестік негізде 3 млрд. доллардан асатын жобаларды жүзеге асыру туралы уағдаластықтар осы жылдың енісіндегі қадамдар. 2008 жылы ғылыми мекемелер мен алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының қатыстырылуымен алты инновациялық-білім беру консорциумдары құрылды.

Ел өңірлерінде бірқатар жаңа өндіріс ошақтары (Оңтүстік Қазақстан облысындағы тоқыма өндірісі, Ақтөбедегі базальт талшығын өндіру және т.б. кәсіпорындар) ашылды. Бұл жылы инновациялық жобаларға да айрықша маңыз берілді. Елбасының қатысуымен Алматы облысының Іле ауданында «Даму» индустриалды-логистикалық орталығы, Оңтүстік Қазақстанда ТМД бойынша тек Қазақстанда ғана ашылған «Қан орталығы» және «Аспаптар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды залалсыздандыру орталығы», ұзындығы 224 шақырым болатын алты жолақты жолды «Астана–Щучинск» автобаны, әлем бойынша қолданыстағы барлық атаулы әуе кемелерін шектеусіз қабылдай алатын Алматы әуежайының жаңа ұшу-қону алаңы, Қарағанды облысында металдық кремний өндіретін «Silicium Kazakhstan» зауыты іске қосылуы соның айқын айғағы.

Дағдарысқа қарсы бағдарлама жасап, оларды дер кезінде қолға алу нәтижесінде елдің экономикалық іргесі беки түсті. Жаһанның кәнігі сарапшылары Қазақстанның дағдарысқа қарсы бағдарламасын жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасындағы ең жүйелі және барынша жедел бағдарлама деп негіздеді.

(Жалғасы бар. Деректер мен суреттер ашық интернет көздерінен алынды).

ДҮЙСЕНБІ
6 ҚЫРКҮЙЕК

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Әсем әуен
6.30 Бақытты отбасы
7.00 Мультфильм
8.00 Таңғы студия
10.00 Sau bolashaq
10.15 Мультфильм
11.45 Телехикая. Бәрібір сені сүйем 13 серия
13.00 Телехикая. Махаббатым жүрегімде 10 серия
14.00 Телехикая. Шыңғыс хан 19 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Телесериал
17.30 Телесериал. Первая половина моей жизни 18 серия
18.30 Paragazzi
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Басты назарда (тікелей эфир)
20.40 Телехикая. TikTok House 9, 10 серия
21.55 Телехикая. Бәрібір сені сүйем 14 серия
23.10 Телехикая. Махаббатым жүрегімде 11 серия
0.10 Қорытынды жаңалықтар / Итоговые новости (повтор)
1.10 Басты назарда (қайталау)
1.40 Тіл қорғаны
2.00 Алматы тұнған тарих
2.25 Сәуле-ғұмыр
3.10 Дала сазы
3.40 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
6.05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2014 ж.)
6.20 «Күміс көмей». Ұлттық музыкалық-танымдық бағдарлама
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 «Ғашықтық дерті». Телехикая. (Түркия, 2016-2017 ж.ж.)
12.00 «Qyzuq eken...».
13.00 AQPAPAT
13.10 «АЙДАҒАРЛАР. ШАЛҒАЙДАҒЫ ШЫТЫРМАН». Мультхикая.
14.00 «ТЕЛЕДӨРІГЕР». Тікелей эфир
15.00 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
15.50 «Ер қанаты».
16.00 «Замандастар». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2020 ж.)
17.00 AQPAPAT
17.15 «QYZUQ EKEN...».
18.00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». Телехикая. (Түркия, 2016-2017 ж.ж.)
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYUQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «ЗАМАНДАСТАР». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2020 ж.)
22.30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая. (Түркия, 2020 ж.) (с субтитрами)
23.30 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу.
0.30 «CAHA». Ток-шоу
1.35 AQPAPAT
2.15 «Ashuq alaŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
3.05 «Теледөрігер»
3.55 «Жер төресі». Деректі фильм («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2020 ж.)
4.20 Әнұран

ХАБАР

- 6.00 ҚР Әнұраны
6.00 Хабарлайын
7.00 Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10.00 Күнделік. «Мерейлі отбасы»
10.30 «Бір туынды тарихы»
11.00 Телехикая. «Сырлы қала»
13.00 Телехикая. «Зәуре»
14.15 Телехикая. «Сұрбойдақ»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Телесериал. «Черный пес»
18.00 Мегахит. «Девять яров»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Тұсаукесер! «Бизнеске бағыт». Тікелей эфир
21.00 Итоги дня
21.30 Тұсаукесер! Телехикая. «Келінжан 3»
22.45 Күнделік. «Мерейлі отбасы»
23.30 Премьера! «Национальный интерес»
0.45 Телесериал. «Черный пес»
2.00 ҚР Әнұраны

АСТАНА

- 6.00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6.30 «Қара ой» деректі драма
7.00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы
8.00 М/ф «Маша и медведь»
9.50 «Үзілген моншақ» үнді телехикаясы
11.20 «Қара ниет 2» түрік телехикаясы
12.20 «Кэ Бэк» корей телехикаясы
14.00 «Айтарым бар» ток-шоуы. Тікелей эфир
15.00 «Сүлеймен Сұлтан» түрік телехикаясы
16.20 «Аладдин» телехикаясы
17.30 «Тағдырым жазылған күн» түрік телехикаясы
20.00 ASTANA TIMES
21.00 «Қара ниет 2» түрік телехикаясы
22.00 «Үзілген моншақ» үнді телехикаясы
23.20 «Кэ Бэк» корей телехикаясы
0.50 «Қош келдіңіз»
1.40 ASTANA TIMES
2.10 «Біреудің есебінен» деректі драма
2.55 «KazNet» ғаламторға шолу
3.15 «Үздік әзілдер»
3.50 «Интерны» т/сериал
4.35 «Біздің ауыл»
5.05 «Сырты бүтін» деректі драма
5.30 «Бірегей»

7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN» таңғы бағдарламасы
09.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 Т/п «Орёл и решка»
11.00 Х/ф «Механик»
13.00 Jaidarman
14.30 Скetchком «Q-елі»
15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
16.10 Т/с «Там, куда падают звезды»
17.30 Х/с «Гранд» 3 сезон
18.00 Т/с «Случайный кадр»
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Х/с «Скорая помощь»
21.30 Т/х «Япырай»
22.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
00.00 Х/ф «Терминатор 2: Судный день»
02.40 Скetchком «Q-елі»
03.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
05.00 Т/х «Япырай»
05.30 Т/п «Қуырдақ»

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ

- 06.00 Әзіл студия (қазақша)
07.00 Әзілдер күнделігі (қазақша)
08.10 Тұсаукесер! «Жүрек жыры» телехикаясы (қазақша) (қайталау)
09.20 «Ифет» түрік телехикаясы (қазақша)
10.40 «Жанкешті ханымдар» телехикаясы (қазақша)
13.00 «Құзғын» түрік телехикаясы (қайталау) (қазақша)
14.00 «Аладдин» мультхикаясы (қайталау)
14.30 «Лило и Стич» мультхикаясы (қайталау)
15.00 «Полное погружение» Анимациялық фильм (қайталау)
17.00 Тұсаукесер! «Суд идет»
18.00 КИНО. Джеки Чан «Сердце дракона» боевиінде (қайталау)
20.00 Информбюро (қазақша / орысша)
21.00 «Ворон» түрік телехикаясы
21.50 КИНО Мила Йовович «Обитель зла 2» фантастикалық боевиінде (қайталау)
23.50 КИНО Мила Йовович «Обитель зла 3» фантастикалық боевиінде (қайталау)
01.40 Кел, татуласайық! (қазақша)
03.40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (қазақша)
05.00 Ризамын (қазақша)

КТК

- 07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ЯСМИННИҢ ТАҒДЫРЫ», түрік телехикаясы. С субтитрами на русском
08.20 «ӨМІР САБАҒЫ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.20 «ПОХИЩЕННЫЙ», детективная мелодрама (повтор)
11.30 «Ф.И.Л.И.Н», остросюжетный детектив (повтор)
16.00 «ОТРЕЧЕНИЕ», детективная мелодрама
18.00 «МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ». Өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ», мелодрама.
23.40 «ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ», остросюжетная мелодрама. Премьера!
01.30 «ОТРЕЧЕНИЕ», детективная мелодрама (повтор)
02.15 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.00 «ЭЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ»
03.40-
04.10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 7.00 Әнұран
7.05 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2020. Швеция – Польша
9.15 «Жүлдесіз қайтқан спортшылар». Арнайы репортаж
9.30 ХОККЕЙ. КХЛ. «Барыс» (Нұр-Сұлтан) – «Металлург Магнитогорск» (Магнитогорск)
12.00 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2020. Қорытынды шолу
12.55 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. 4 тур «Жетісу» – «Қарағанды» (Әйелдер)
14.00 «ОЛИМПИАДАЛЫҚ ТОКИО». (И.Сон, З.Чиншанло). Студийная программа

- 14.25 ФУТБОЛ. 2022 жылғы Әлем чемпионатына іріктеу матчы. Германия – Армения
16.30 Көкпардан «ӨНЕР КӨКПАРЫ» Республикалық турнирі.
17.20 «Жетісу» – Алматы
20.00 БОКС. Азия чемпионаты
20.00 «Каратешілердің Олимпиададағы табысы». Олимпиада қорытындысы. Арнайы репортаж
20.15 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. 4 тур «Маңғыстау» – «Ұшқын-Көкшетау» (Ерлер)
22.35 «Құрметке лайық сайыпқырандар». Арнайы репортаж
22.50 БОКС. Азия чемпионаты
1.20 UEFA EURO 2020. Турнирдің барлық голдары
2.35 Әнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркелер»
7.15 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
7.25 Тұсаукесер! «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
7.45 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
8.00 Тұсаукесер! «Супер Зак» Мультхикая.
8.25 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
8.50 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
9.00 Анимация. Отандық / «Күшік»
9.10 Анимация. Отандық / «Қызғалдақтар мекені»
9.20 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
9.30 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
9.45 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
10.00 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Күй қанатында»
10.10 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
10.20 «Байқа, балақай!» танымдық жобасы.
10.30 «Супер әке» Мультхикая.
10.45 «Расулдың хикаялары» ситкомы
11.05 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
11.15 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
11.25 «Винкстер клубы» Мультхикая.
11.55 «Ғажайып өлке» танымдық жобасы
12.05 «Достар» телехикаясы
12.40 Тұсаукесер! «Турбозаврлар» Мультхикая.
13.05 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
13.15 Анимация. Отандық / «Глобус»
13.25 Анимация. Отандық / «Әл-Фараби»
13.35 «Хайди» Мультхикая.
14.00 Тұсаукесер! «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
14.20 Анимация. Отандық / «Сәби»
14.40 Анимация. Отандық / «Еркелер»
14.50 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
15.00 «Қос алқа» бағдарламасы
15.10 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
15.30 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
15.40 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
15.50 Анимация. Отандық / «Қызғалдақтар мекені»

- 16.00 «Ғарыштық рейнджерлер» Мультхикая.
16.30 «Байқа, балақай!» танымдық жобасы.
16.40 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
16.55 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
17.10 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
17.20 «Расулдың хикаялары» ситкомы
17.40 Тұсаукесер! «Супер Зак» Мультхикая.
18.05 «Достар» телехикаясы
18.40 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
18.55 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
19.05 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
19.15 «Ғажайып өлке» танымдық жобасы
19.25 «Тайоның бастан кешкендері» Мультхикая.
19.40 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
20.00 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
20.10 Анимация. Отандық / «Глобус»
20.20 Анимация. Отандық / «Әл-Фараби»
20.30 «Қос алқа» бағдарламасы
20.40 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Күй қанатында»
20.50 «Хайди» Мультхикая.
21.15 Анимация. Отандық / «Күшік»
21.25 Анимация. Отандық / «Сәби»
21.45 Тұсаукесер! «Турбозаврлар» Мультхикая.
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
22.35 Анимация. Отандық / «Қызғалдақтар мекені»
22.45 «Супер әке» Мультхикая.
23.00 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
23.15 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
23.30 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
23.45 Анимация. Отандық / «Еркелер»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

- 06.05 Сүбелі сөз (Қазақша) – сұхбат
06.40 Рухани байлық
07.30 Syrym story
08.10 Ой-талқы
09.00 «Тәтті time» – Аспаз уақыты
09.40 Dara til
10.10 Қалақай
10.30 «Саморазвитие» – Маржан коуч
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.20 Қазақ спортының классикасы
13.10 Ем болсын
13.20 Абайдың жолы
14.00 Ем болсын
14.10 Тәлім history
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» – Қайталау
16.00 «Үлкен үй-5» – телехикая
17.00 Ем болсын
17.10 «Summary 100 кітап»
17.30 Ем болсын
17.50 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Кешкі әңгіме
19.10 Емен-жарқын
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе» – Тікелей эфир
21.00 «Үлкен үй-6» – телехикая
22.00 Talim Speakers
22.30 Проза параграфы
23.00 «Менің анам, менің әкем» – Ата-ана туралы сыр
23.30 «По душам» – Психологиялық бағдарлама



СЕЙСЕНБІ 7 ҚЫРКҮЙЕК

Almatytv АЛМАТЫ

6.00	Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7.00	Телехикая. Шыңғыс хан 19 серия
8.00	Таңғы студия
10.00	Мультфильм
11.45	Телехикая. Бәрібір сені сүйем 14 серия
13.00	Телехикая. Махаббатым жүрегімде 11 серия
14.00	Телехикая. Шыңғыс хан 20 серия
15.00	Күндізгі жаңалықтар
15.15	Дневные новости
15.30	Телесериал
17.30	Телесериал. Первая половина моей жизни 19 серия
18.30	Алматынские каникулы
18.45	Crime time
19.00	Қорытынды жаңалықтар
19.30	Итоговые новости
20.00	Akimat live (прямой эфир)
20.40	Телехикая. TikTok House 10, 11 серия
21.55	Телехикая. Бәрібір сені сүйем 15 серия
23.10	Телехикая. Махаббатым жүрегімде 12 серия
0.10	Crime time
0.20	Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости (повтор)
1.20	Akimat live (повтор)
1.55	Обо всем без купюр
2.25	Сәуле-ғұмыр
3.15	Дала сазы
